олардың орындалуына әсері талданады. Энергия шарттарының орындалу аймақтарын анықтау модельдің физикалық жарамды параметрлік облыстарын бөліп көрсетуге және кеңею динамикасының үдеу, баяулау режимдерін дұрыс интерпретациялауға негіз береді. Осылайша, жұмыс  $f(R, T)$  гравитациясы аясында дивергенциясыз кинематикалық тәсілдің мүмкіндігін көрсетіп, модель параметрлерінің космологиялық динамикаға ықпалын жүйелі түрде зерттейді және алынған нәтижелерді  $\Lambda$ CDM болжамдарымен салыстыруға алғышарт жасайды.

Бұл жұмыста «дивергенциясыз баяулау параметрі» деп  $q(z)$  баяулау параметрінің таңдалған параметрленуі қарастырылатын қызыл ығысу аралығында шекті болып, ешбір нүктеде шексіздікке кетпейтінін айтамыз. Бұл шарт  $q(z)$ -пен байланысты  $H(z)$  сияқты космологиялық функциялардың физикалық мағынасы бар регуляр эволюциясын қамтамасыз етеді.

### Әдіснама

Бұл жұмыста материя мен геометрия арасындағы минималды емес байланысы бар  $f(R, T)$  модификацияланған гравитация қарастырылады. Мұндай тәсілдің негізгі идеясы – гравитациялық әсер тек қана қисықтық скаляры  $R$ -ға тәуелді емес, сонымен бірге материяны сипаттайтын энергия – импульс тензорының ізі  $T$ -ға да тәуелді болады. Нәтижесінде өріс теңдеулерінде қосымша тиімді мүшелер пайда болып, олар космологиялық эволюцияға әсер етеді. Әсіресе  $T$ -ға тәуелділік материя-геометрия байланысын күшейтіп, стандартты жалпы салыстырмалылықпен салыстырғанда жаңа параметрлік еркіндік береді [3].

Есептеулерді ықшамдау үшін табиғи бірліктер жүйесін қолданамыз. Бұл жағдайда барлық шамалар бір жүйеге келтіріліп, теңдеулердің құрылымы айқын көрінеді. Әдіснаманың жалпы қадамы келесідей: әсер функционалын жазу, метрика бойынша вариациялау арқылы өріс теңдеулерін алу, материя бөлігінен энергия-импульс тензорын анықтау және оның ізі  $T$ -ны енгізу, кейінгі бөлімдерде осы теңдеулерді таңдаулы космологиялық метрикаға бейімдеп, алынған нәтижелерден баяулау параметрлері мен энергия шарттарын талдау.

$f(R, T)$  теориясын таңдаудың тағы бір мотивациясы – материя сипаттамаларының геометрияға тікелей кері байланыс беруі. Космологияда бұл байланыс әсіресе идеал сұйық түріндегі материя үшін маңызды, өйткені  $T$  шамасы  $\rho$  және  $p$  арқылы өрнектеліп, эволюциялық теңдеулерге жаңа түзетулер енгізеді. Осы түзетулердің салдары ретінде тиімді тығыздық пен тиімді қысым ұғымдары пайда болып, олар кеңею динамикасын стандартты Фридман теңдеулеріне ұқсас түрде жазуға мүмкіндік береді. Сондықтан әрі қарай өріс теңдеулерін алғаннан кейін оларды тиімді сұйықтық формализмі арқылы талдап, баяулау режимі мен энергия шарттарының орындалуын осы тиімді шамалар арқылы бағалаймыз.

Жалпы түрде  $f(R, T)$  функциясының нақты түрін таңдау модельдің физикалық қасиеттерін анықтайды: параметрлердің таңдалуы үдемелі кеңеюдің мүмкіндігіне, баяулау параметрлерінің эволюциясына және энергия шарттарының орындалу аймақтарына әсер етеді. Бұл жұмыстағы тәсілдің ерекшелігі - параметрлік еркіндікті

тек шешім бар деген критериймен емес, сонымен қатар физикалық консистенттілікпен, мысалы, кейінгі бөлімдерде енгізілетін дивергенциясыз шарт пен энергия шарттарын, байланыстыра отырып шектеу. Осылайша таңдалған модельдің нәтижелері бақылаулық космологияға жақын және интерпретацияға қолайлы болуына мән береміз. Осыны ескере отырып,  $f(R, T)$  теориясының әсері келесі түрде жазылады:

$$S = \frac{1}{2} \int f(R, T) \sqrt{-g} d^4x + \int L_m \sqrt{-g} d^4x. \quad (1)$$

(1) өрнектегі бірінші интеграл гравитациялық секторды, ал екінші интеграл материя секторын сипаттайды. Мұнда  $8\pi G = c = 1$  қолдандық және  $g = \det(g_{\mu\nu})$  - метриканың анықтаушысы, ал  $L_m$  - материя лагранжианы.  $f(R, T)$  функциясы қисықтық скаляры  $R$  және энергия-импульс тензорының ізі  $T$  арқылы анықталады, әрі қарай есептеулерде  $f_R = \frac{\partial f}{\partial R}$  және  $f_T = \frac{\partial f}{\partial T}$  сияқты туындылар маңызды рөл атқарады.

Материя көзінің гравитациялық өріске қалай әсер ететінін алу үшін әсердің материя бөлігін метрикаға қатысты вариациялап, энергия-импульс тензоры анықталады. Нақты айтқанда,  $T_{\mu\nu}$  материя лагранжианының  $g^{\mu\nu}$  бойынша функционалдық туындысы арқылы беріледі, сондықтан келесі анықтамаға келеміз

$$T_{\mu\nu} = - \frac{2}{\sqrt{-g}} \frac{\delta(\sqrt{-g} L_m)}{\delta g^{\mu\nu}}, \quad (2)$$

$$T = g^{\mu\nu} T_{\mu\nu}. \quad (3)$$

Геометриялық жақтан негізгі шама - Риччи скаляры  $R$  келесідей табылады

$$R = g^{\mu\nu} R_{\mu\nu}. \quad (4)$$

Геометриялық шамаларды нақты есептеу үшін алдымен кеңістік-уақыттың метрикасын таңдаймыз. Космологиялық принципке сәйкес Ғаламды Фридман – Леметр – Робертсон-Уокер (FLRW) метрикасы жақсы сипаттайды. Бұл жұмыста қарапайымдылық үшін кеңістігі жазық жағдайы қарастырамыз, себебі бақылаулық деректер кеңістіктің қисықтығы нөлге жуық екенін көрсетеді және бұл таңдау есептеулерді айтарлықтай ықшамдайды. Осылайша, метрика уақыт бойынша өзгертін бір ғана масштабтық фактормен  $a(t)$  анықталады.

$$dS^2 = -dt^2 + a^2(t)(dx^2 + dy^2 + dz^2), \quad (5)$$

мұнда  $a(t)$  - масштабтық фактор. Осыдан метрика компоненттері келесідей болады. Мұндағы  $a(t)$  кеңеюдің уақыт бойынша эволюциясын сипаттайды. Практикалық тұрғыдан  $a(t)$  арқылы Хаббл параметрі  $H = \frac{\dot{a}}{a}$  және оның туындылары енгізіліп, кейін Риччи тензоры мен Риччи скаляры ықшам түрде есептеледі. (5) метрика диагональ түрінде болғандықтан, метрика компоненттері тікелей оқылады және диагональдан тыс мүшелер нөлге тең болады.

$$g_{00} = -1, g_{11} = a^2(t), g_{22} = a^2(t), g_{33} = a^2(t). \quad (6)$$

Диагональды метрика компоненттері белгілі болған соң, байланыс коэффициенттерін есептейміз. Олар  $g_{\mu\nu}$  және оның туындылары арқылы анықталады және Риччи тензорына өтудің негізгі аралық қадамы болып табылады. FLRW метрикасы үшін нөлден өзгеше Кристоффель символдары тек уақыт бойынша туындыларға тәуелді болады, яғни олар  $a(t)$  және  $\dot{a}(t)$  арқылы өрнектеледі. Осыны пайдаланып, Риччи тензорын стандартты анықтама бойынша жазып, одан әрі (4) формула арқылы Риччи скалярын табамыз

$$R_{\mu\nu} = \partial_\lambda \Gamma_{\mu\nu}^\lambda - \partial_\nu \Gamma_{\mu\lambda}^\lambda + \Gamma_{\mu\nu}^\lambda \Gamma_{\lambda\sigma}^\sigma - \Gamma_{\mu\lambda}^\sigma \Gamma_{\nu\sigma}^\lambda. \quad (7)$$

Изотропияға байланысты кеңістіктік диагональ компоненттер бірдей типтес болады. Нәтижесінде келесі стандартты өрнектерді аламыз  $R_{00} = -3\frac{\ddot{a}}{a}$ ,  $R_{11} = a\ddot{a} + 2a\dot{a}^2$ ,  $R_{22} = a\ddot{a} + 2a\dot{a}^2$ ,  $R_{33} = a\ddot{a} + 2a\dot{a}^2$ . Енді Риччи скаляры анықтамасы бойынша

$$R = g^{\mu\nu} R_{\mu\nu} = g^{00}R_{00} + g^{11}R_{11} + g^{22}R_{22} + g^{33}R_{33}. \quad (8)$$

Кері метриканы қолдана отырып, және  $R_{00}$ ,  $R_{11}$ ,  $R_{22}$ ,  $R_{33}$  мәндерін пайдаланып келесіні табамыз

$$R = 6\left(\frac{\ddot{a}}{a} + \frac{\dot{a}^2}{a^2}\right). \quad (9)$$

Хаббл параметрін  $H = \frac{\dot{a}}{a}$  деп енгізсек, әрі қарай  $H = \frac{\dot{a}}{a} - H^2$  екенін пайдалансақ

$$R = 6(H + 2H^2). \quad (10)$$

Осылайша, жазық FLRW геометриясы үшін Риччи скаляры  $R$  Хаббл параметрі арқылы (10) түріне келеді.

Әрі қарай  $f(R, T)$  теориясына көшу үшін материяның қандай түрде енгізілетінін және  $T$  шамасының физикалық мағынасын нақтылап алу қажет. Себебі бұл теорияда

геометриялық бөлік қисықтық арқылы ғана емес, материяның сипаттамалары арқылы да өріс теңдеулеріне тікелей ықпал етеді, яғни материя тек көз ретінде емес, сонымен қатар динамиканы түрлендіретін қосымша фактор ретінде қарастырылады. Осы тұрғыда  $T$  шамасы материяның тығыздығы мен қысымына тәуелді болатын интегралды сипаттама болып табылады және ол әр түрлі космологиялық кезеңдерде әрқалай мән алып, модельдің эволюциясына түрліше әсер етуі мүмкін. Сондықтан  $T$ -ға тәуелділік енгізілгенде стандартты космологиядағы кейбір нәтижелердің, мысалы, баяулау, үдеу шарттары, тиімді күй теңдеуі, энергия шарттарының орындалуы, өзгеруі немесе қайта интерпретациялануы ықтимал. Бұл жұмыста материяны классикалық космологияда жиі қолданылатын идеал сұйық ретінде қарастырамыз, мұндай тәсіл модельді физикалық тұрғыдан түсіндіруге ыңғайлы, сондай-ақ алынатын теңдеулерді бақылаулық сипаттамалармен салыстыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар  $f(R,T)$  теориясында материя – геометрия байланысы күшейген жағдайда энергия-импульс тензорының сақталу заңының өзгеруі мүмкін екені белгілі, сондықтан  $T$ -ның нақты енгізілуі әрі кейінгі бөлімдердегі дивергенциясыз шарт пен энергия шарттарын талдаудың негізгі алғышарты болып табылады. Осы себептерді ескере отырып, әрі аналитикалық есептеулерді күрделендірмей модельдің басты ерекшеліктерін көрсету үшін,  $f(R,T)$  функциясының ең қарапайым және әдебиеттерде кең қолданылатын сызықтық түрін таңдаймыз. Мұндай таңдау параметрлердің физикалық рөлін анық көруге, жалпы салыстырмалылыққа өтуді бақылауға және материя ізі арқылы геометрияға енгізілетін түзетулердің космологиялық динамикаға ықпалын жүйелі түрде талдауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, параметр мәніне қарай Ғаламның кеңею сценарийі, үдеу режимінің басталуы және энергия шарттарының орындалу аймақтары сандық тұрғыдан өзгеруі мүмкін.

Осы жұмыста  $f(R,T)$  гравитациясының әдебиетте кең қолданылатын және есептеулерді күрделендірмей материя-геометрия байланысының әсерін айқын көрсетуге мүмкіндік беретін сызықтық түрі қарастырылады, сондықтан  $f(R,T)$  келесідей жазылады

$$f(R, T) = R + 2\lambda T, \quad (11)$$

мұндағы  $\lambda$  - материя-геометрия байланысының күшін сипаттайтын параметр.  $\lambda = 0$  болғанда модель жалпы салыстырмалылыққа жуықтайды, ал  $\lambda \neq 0$  кезінде материяның ізі арқылы геометрияға қосымша әсер пайда болады. Бұл параметрдің мәні өзгерген сайын Ғалам динамикасы да, мысалы, үдеу кезеңінің басталуы немесе энергия шарттарының орындалуы, сандық тұрғыдан әртүрлі болуы мүмкін.

Космологияда материяны ең қарапайым түрде идеал сұйықтық ретінде модельдеу кең тараған. Бұл жағдайда энергия-импульс тензоры

$$T_{\mu\nu} = (\rho + p)u_{\mu}u_{\nu} + pg_{\mu\nu}, \quad (12)$$

мұнда  $\rho$  - энергия тығыздығы,  $p$  - изотроп қысым, ал  $u_\mu$  - сұйықтықтың төрт-жылдамдығы. Енді  $T$ -ның  $\rho$  және  $p$  арқылы өрнектелуін қарастыратын болсақ, (12)-ні (3)-ке қоя отырып келесі өрнекті аламыз

$$T = g^{\mu\nu}[(\rho + p)u_\mu u_\nu + p g_{\mu\nu}] = (\rho + p)g^{\mu\nu}u_\mu u_\nu + p g^{\mu\nu}g_{\mu\nu}, \quad (13)$$

$$T = (\rho + p)(-1) + p \cdot 4 = -\rho - p + 4p = -\rho + 3p. \quad (14)$$

Осылайша,  $T$  ізінің таңбасы мен мәні тікелей  $\rho$  және  $p$  арқылы анықталады. Бұл нәтиже  $f(R, T) = R + 2\lambda T$  моделінде өте маңызды, өйткені теориядағы қосымша мүшелер дәл осы  $T$  арқылы өріс теңдеулеріне кіреді және  $\lambda$  параметрімен бірге космологиялық эволюцияны өзгертеді [14,15]. Бұл жұмыста теориялық модельден алынатын функциялар Wolfram Mathematica ортасында сандық түрде есептеліп, қызыл ығысу  $z$  бойынша графиктер түрінде көрсетіледі. Есептеулер барысында  $H(z)$  және  $q(z)$  тәуелділіктері негізінде кейінгі бөлімдерде қарастырылатын космологиялық шамалардың эволюциясы талданады.

### Нәтижелер мен талқылау

Бұл бөлімде дивергенциясыз баяулау параметрлерін қолдана отырып,  $f(R, T)$  моделі үшін Ғаламның кеңею тарихын  $a(z)$  және  $H(z)$  функциялары арқылы сипаттаймыз [16–23]. Алынған теңдеулер негізінде алдымен негізгі кинематикалық шамалардың эволюциясын талдап, кейін  $f(R, T) = R + 2\lambda T$  сызықтық моделі жағдайында энергия тығыздығы  $\rho(z)$ , қысым  $p(z)$  және күй теңдеуі параметрі  $\omega(z)$  функцияларын есептейміз. Сонымен қатар  $\lambda$  параметрінің өзгеруі кеңею динамикасына және тиімді сипаттамалардың мінезіне қалай әсер ететінін сандық түрде көрсетіп, нәтижелерді графиктер арқылы салыстырамыз. Осылайша, модель параметрлерінің физикалық мағынасын ашып, алынған нәтижелерді стандартты космологиялық сценарийлермен салыстыруға мүмкіндік береміз.

#### Кеңею тарихын сипаттайтын негізгі функциялар

Кеңею тарихын сипаттауда ең қолайлы шамалардың бірі – баяулау параметрі  $q(z)$ . Ол Ғаламның кеңеюі үдеумен жүріп жатыр ма, әлде баяулап жатыр ма деген сұраққа тікелей жауап береді және кеңею динамикасының жалпы бағытын көрсетеді. Бақылаулық талдауларда  $q(z)$  үшін қарапайым параметрленулер кеңінен қолданылады, себебі олар аз ғана параметр арқылы кең қызыл ығысу аралығындағы эволюцияны сипаттауға мүмкіндік береді және есептеулер кезінде артық еркіндікке жол бермейді [24–26]. Таңдаған параметрлену қазіргі кезеңдегі мәнді бөлек айқындап, қызыл ығысу артқандағы өзгерісін жеке параметр арқылы реттейді, сондықтан нәтижелердің физикалық интерпретациясы жеңілдейді. Сонымен қатар бұл тәсіл кеңеюдің режим ауысуын, яғни баяулау кезеңінен үдеу кезеңіне өту тәрізді бір функция арқылы көрсетуге мүмкіндік береді және әрі қарай  $H(z)$ ,  $a(z)$  сияқты негізгі сипаттамаларды қалпына келтіру үшін бастапқы негіз болады. Осыған сәйкес  $q(z)$  төмендегідей беріледі

$$q(z) = q_0 + q_1 \frac{z(1+z)}{1+z^2}. \quad (15)$$

Параметрлеудің (15) түрі бірнеше талапты бір мезгілде қанағаттандыру үшін таңдалды: біріншіден, ол қазіргі кезеңдегі мәнді тікелей береді, яғни  $q(0) = q_0$ , екіншіден,  $z \rightarrow \infty$  кезінде  $q(z) \rightarrow q_0 + q_1$  шегіне өтеді, сондықтан ерте Ғаламдағы асимптоталық режим екі параметрмен сипатталады; үшіншіден, бөлгіш  $1 + z^2 > 0$  болғандықтан физикалық аймақта ( $-1 \leq z < \infty$ ) полюстер жоқ, яғни  $q(z)$  шекті және үздіксіз болып,  $H(z)$ ,  $\rho(z)$ ,  $p(z)$  есептеулерінде жасанды сингулярлықтардың пайда болуын болдырмайды. Сонымен қатар  $z \approx 0$  аймағында  $q(z) = q_0 + q_1 z + O(z^2)$  жуықтауы орындалып, төмен қызыл ығысу деректерімен салыстыруға ыңғайлы. Бұл форма (16) теңдеуін аналитикалық интегралдауға мүмкіндік беріп, кейінгі энергия шарттарын талдауды жеңілдетеді. Осы параметрлену  $z$  аймағының кең диапазонында орнықты жұмыс істейді және баяулаудан үдеуге өтуді бірқалыпты сипаттауға мүмкіндік береді. FRW космологиясында баяулау параметрі

$q = -1 - \frac{H}{H^2}$  түрінде анықталады. Егер параметрлеу дұрыс таңдалмаса,  $q(z)$  кейбір  $z$  мәндерінде шексіздікке ұмтылып, нәтижесінде  $H(z)$  және одан туындайтын тиімді шамаларда жасанды сингулярлықтар пайда болуы мүмкін. Сондықтан (15) параметрлену «дивергенциясыз» деп аталады, ол  $q(z)$ -тің зерттелетін диапазонда шекті әрі үздіксіз болуын қамтамасыз етіп, бақылаулық салыстыру мен энергия шарттарын талдауды математикалық артефактыларсыз жүргізуге мүмкіндік береді.  $q(z)$  белгілі болғанда Хаббл параметрі келесі байланыстан табылады

$$\frac{d \ln H}{dz} = \frac{1+q(z)}{1+z}, \quad (16)$$

ал интегралдау нәтижесінде

$$H(z) = H_0(1+z)^{(1+q_0)}(1+z^2)^{\frac{q_1}{2}}, \quad (17)$$

өрнегін алдық. Есептеулерде бір үйлесімді параметрлер жиынын қолдандық ( $H_0, q_0, q_1$ ) = (66.44, -0.55, 0.78).

Таңдалған параметрлену (15) кинематикалық тұрғыдан  $q(z)$  және  $H(z)$  эволюциясын тұтас диапазонда сипаттауға мүмкіндік береді. Атап айтқанда, қазіргі мән  $q(0) = q_0$  үдемелі кеңею режимін көрсетсе, ал  $z \rightarrow \infty$  шегінде  $q(z) \rightarrow q_0 + q_1$  тұрақты шекке ұмтылады, яғни ерте кезеңдерде баяулау режимі орнығады ( $q_0 + q_1 > 0$ ). Үдеуден баяулауға өту нүктесі  $q(z_t) = 0$  шартымен анықталады; берілген параметрлер үшін өтпелі қызыл ығысу  $q(z_t)=0$  шамамен  $z_t \approx 0.60$  болады, бұл Ғаламның динамикасы үдеуден баяулауға немесе керісінше өтетін кезеңді сандық түрде сипаттайды. Сонымен қатар, (17) теңдеуі арқылы алынған  $H(z)$  функциясы полюссіз және шекті болып, кейін  $\rho(z)$ ,  $p(z)$  және энергия шарттарын талдауда жасанды сингулярлықтардың пайда болуына жол бермейді. Осы себепті (15)

параметрленуі сандық есептеулер үшін орнықты және салыстырмалы талдау жүргізуге ыңғайлы негіз береді.

### *Энергия тығыздығы мен қысымның эволюциясы*

Бұл бөлімде (11) сызықтық  $f(R,T)$  моделін пайдаланып, энергия тығыздығы  $\rho(z)$  мен қысым  $p(z)$  функцияларының қызыл ығысуға байланысты өзгерісін талдаймыз. Бұл шамалар кеңею динамикасының физикалық интерпретациясын беретін негізгі сипаттамалар болып табылады:  $\rho(z)$  Ғаламдағы энергияның тиімді деңгейін, ал  $p(z)$  кеңеюдің үдеуіне немесе баяулауына әсер ететін қысымдық үлесті сипаттайды. Сондықтан  $\rho(z)$  және  $p(z)$  эволюциясын анықтау арқылы таңдалған модельдің стандартты космологиялық сценарийлермен сәйкестігін, сондай-ақ параметрлердің физикалық мағынасын нақты бағалауға болады. Байланыс параметрінің әсерін салыстыру үшін  $\lambda = 0.1, 0.2, 0.3, 0.5$  мәндерін қарастырамыз.  $\lambda$  мәні өзгерген сайын материя–геометрия байланысының күші де өзгереді, соның нәтижесінде  $\rho(z)$  мен  $p(z)$  қисықтарының пішіні және олардың эволюциялық қарқыны сандық тұрғыдан әртүрлі болуы мүмкін. Бұл айырмашылықтар кеңею режимінің қалай қалыптасатынын және энергия шарттарының орындалу аймақтарын түсіндіруде маңызды рөл атқарады. Есептеулерді ықшам жүргізу үшін Хаббл параметрінің уақыт бойынша туындысын баяулау параметрі арқылы өрнектейміз. Бұл тәсілдің артықшылығы -  $H$ -тің динамикасын бір ғана кинематикалық функциямен байланыстырып, әрі қарай алынған теңдеулерді  $z$  айнымалысы арқылы жүйелі түрде интегралдауға мүмкіндік береді. Осыған сәйкес келесі қатынас қолданылады


$$\dot{H} = -(1 + q)H^2. \quad (18)$$

Осы модель үшін энергия тығыздығы  $\rho$  және қысым  $p$  шамалары  $H$  және  $\dot{H}$  арқылы төмендегідей өрнектеледі

$$\rho(z) = \frac{(3+6\lambda)}{(1+3\lambda)^2 - \lambda^2} H^2 - \frac{2\lambda}{(1+3\lambda)^2 - \lambda^2} \dot{H}, \quad (19)$$

$$p(z) = -\frac{(3+6\lambda)}{(1+3\lambda)^2 - \lambda^2} H^2 - \frac{2(1+3\lambda)}{(1+3\lambda)^2 - \lambda^2} \dot{H}. \quad (20)$$

Мұнда  $H(z)$  (17) формула арқылы, ал  $\dot{H}(z)$  (18) формула арқылы тікелей есептеледі. Сурет 1-  $\rho(z)$  және  $p(z)$  тәуелділіктері  $\lambda$ -ның әртүрлі мәндері үшін көрсетілген. Графиктерден  $z$  артқан сайын энергия тығыздығы  $\rho(z)$  өсетінін көреміз, бұл ерте кезеңдерде тығыздықтың жоғары болуына сәйкес келеді. Ал кеш уақыттарда қысым  $p(z)$  теріс мәндер аймағында қалып, үдемелі кеңею режиміне тән тиімді динамиканы көрсетеді. Бұл материя – геометрия байланысының Ғалам эволюциясына сандық тұрғыдан ықпал ететінін айқындайды.



Сурет 1 – Өлшемсіз энергия тығыздығы  $\rho/(3H_0^2)$  - нің  $z$  - ке тәуелділігі

### Күй теңдеуі параметрі

Күй теңдеуі параметрі  $\omega(z)$  энергия тығыздығы мен қысым арасындағы байланысты сипаттай отырып, модельдегі тиімді космологиялық сұйықтықтың қасиетін анықтайды. Бұл шама кеңею динамикасының табиғатын түсіндіруде аса маңызды, өйткені дәл  $\omega(z)$  арқылы модельдің қандай режимге жақын екенін сапалық түрде бағалауға болады:  $\omega(z)$  белгілі бір аралықта тұрақты немесе баяу өзгерсе, онда сол кезеңдегі физикалық режим айқын көрінеді. Сонымен қатар  $\omega(z)$ -тің қызыл ығысуға тәуелді эволюциясы кеңеюдің үдеулі немесе баяулайтын кезеңге өтуін сипаттайтын негізгі көрсеткіштердің бірі болып табылады, өйткені қысым мен тығыздықтың арақатынасы кеңею үдеуіне тікелей әсер етеді.

Бұл жұмыста  $\omega(z)$  функциясын есептеу екі мақсатқа қызмет етеді. Біріншіден, бұл шама арқылы алынған  $\rho(z)$  және  $p(z)$  нәтижелерінің физикалық интерпретациясы жеңілдейді: қысымның теріс мәндерге ауысуы немесе оның шамасының өзгеруі кеңеюдің үдеу режимімен қалай байланысатыны айқындалады. Екіншіден,  $\omega(z)$   $\lambda$  параметрінің әсерін бір функцияда жинақтап көрсетуге мүмкіндік береді, себебі  $\lambda$  өзгерген сайын тек  $\rho(z)$  пен  $p(z)$  ғана емес, олардың арақатынасы да өзгереді. Нәтижесінде  $\omega(z)$  қисықтарының пішіні, олардың шектік мәндері және қызыл ығысумен өзгеру қарқыны әртүрлі болуы мүмкін; бұл айырмашылықтар модельдің стандартты  $\Lambda$ CDM сценарийіне жақындығын немесе одан ауытқуын сапалық әрі сандық тұрғыдан бағалауға жағдай жасайды.

Сонымен қатар  $\omega(z)$  параметрі энергия шарттарын талдаумен де тығыз байланысты. Энергия шарттары көбіне тығыздық пен қысым комбинациялары арқылы жазылатындықтан,  $\omega(z)$  функциясының мінезі белгілі бір параметрлік аймақтарда энергия шарттарының орындалуына немесе бұзылуына әкелуі мүмкін. Сондықтан  $\omega(z)$ -ті есептей отырып, кейінгі бөлімдердегі NEC, WEC, SEC, DEC талаптарымен бірлесе қарастырып, физикалық тұрғыдан жарамды шешімдердің аймағын нақтылаймыз. Осы тұрғыдан  $\omega(z)$  функциясы алынған шешімдерді түсіндіру ғана емес, сонымен қатар модельдің параметрлерін физикалық критерийлер арқылы сүзгіден өткізу үшін де қолайлы құрал болып табылады.

Осыған сәйкес күй теңдеуі параметрі төмендегі қатынас арқылы анықталады

$$\omega(z) = \frac{p(z)}{\rho(z)} \quad (21)$$


(20), (19) формулаларын қолдансақ,  $\omega(z)$  келесі түрде жазылады

$$\omega(z) = -\frac{(3+6\lambda)H^2(z)+2(1+3\lambda)H(z)}{(3+6\lambda)H^2(z)-2\lambda H(z)} \quad (22)$$

Егер  $H = -(1+q)H^2$  қатынасын енгізсек, онда  $\omega(z)$  тек  $q(z)$  арқылы өрнектеледі

$$\omega(z) = -\frac{(3+6\lambda)-2(1+3\lambda)(1+q(z))}{(3+6\lambda)+2\lambda(1+q(z))} \quad (23)$$

Сурет 2 -  $\omega(z)$  эволюциясы  $\lambda$  -ның әртүрлі мәндері үшін берілген. График бойынша үлкен қызыл ығысу аймағында  $\omega(z)$  материяға жуық режимге ығысады, ал қазіргі кезеңге жақындағанда  $\omega(z)$  теріс мәндер аймағында қалып, үдемелі кеңеюге сәйкес келетін интервалдардың бар екенін көрсетеді.




**Сурет 2 - Әртүрлі  $\lambda$  мәндері үшін толық күй теңдеуі параметрі  $\omega$ -ның қызыл ығысу  $z$ -ке тәуелді эволюциясы**

Осылайша, алынған нәтижелер дивергенциясыз параметрленудің  $H(z)$  және  $q(z)$  арқылы кеңею тарихын орнықты сипаттайтынын, ал  $f(R, T) = R + 2\lambda T$  моделінде  $\lambda$  параметрінің  $\rho(z)$ ,  $p(z)$ ,  $\omega(z)$  эволюциясын өзгертіп, кеш уақыттағы үдемелі кеңею режимін сипаттауға мүмкіндік беретінін көрсетеді.

Алынған  $\rho(z)$  және  $p(z)$  функцияларының физикалық дұрыстығын тексеру үшін энергия шарттарын қарастырамыз. Классикалық түрде келесі екі шартқа назар аударамыз: NEC – нөлдік энергия шарты (Null Energy Condition), WEC – әлсіз энергия шарты (Weak Energy Condition), SEC – күшті энергия шарты (Strong Energy Condition), DEC – басым энергия шарты (Dominant Energy Condition)


NEC шарты  $\rho(z) + p(z) \geq 0$  теңсіздігімен анықталады. Осыған сәйкес өлшемсіз түрде  $(\rho + p)/H_0^2$  шамасын есептеп, оның қызыл ығысумен өзгерісінің әртүрлі

мәндері үшін графикте көрсетілді. Сурет 3-тен  $(\rho + p)/H_0^2$  функциясы кең  $z$  аралығында оң мәндер аймағында сақталатынын көреміз, яғни NEC шарты модель эволюциясы барысында орындалады. Бұл нәтиже материя-геометрия байланысы енгізілген жағдайда да энергия ағынының физикалық тұрғыдан қабылданатын режимде қалатынын көрсетеді.



Сурет 3 – NEC:  $(\rho + p)/H_0^2$  функциясының  $z$ -ке тәуелділігі

SEC шарты  $\rho(z) + 3p(z) \geq 0$  түрінде жазылады және ол гравитациялық тартылыстың әдеттегі режимін сипаттайтын негізгі энергия шарттарының бірі болып табылады. Классикалық космологияда бұл шарттың бұзылуы көбіне кеш уақыттағы үдеумен байланыстырылып, тиімді қысымның теріс үлесі күшейетін режимдердің бар екенін көрсетеді.



Сурет 4 – SEC:  $(\rho + 3p)/H_0^2$  функциясының  $z$ -ке тәуелділігі

Сурет 4-те  $(\rho + 3p)/H_0^2$  шамасының қызыл ығысуға тәуелділігі  $\lambda = 0.1, 0.2, 0.3, 0.5$  мәндері үшін берілген. Бұл салыстыру  $\lambda$  параметрінің материя-геометрия байланысын күшейту арқылы кеңею динамикасын сандық тұрғыдан қалай

өзгертетінін көрсетуге мүмкіндік береді. Графиктен төмен қызыл ығысуларда шаманың нөл маңында өзгеруі немесе белгілі аралықтарда нөлге жақындауы SEC шартының кеш уақыттарда бұзылуы мүмкін екенін аңғартады, ал бұл үдемелі кеңею сценарийімен үйлеседі. Сонымен бірге  $\lambda$  өзгерген сайын қисықтардың деңгейі мен өсу қарқыны айырмашылық көрсетеді, яғни SEC талаптарының орындалу аймақтары параметрге сезімтал түрде ығысады; демек,  $\lambda$  кеш уақыттағы динамиканы реттейтін маңызды фактор ретінде көрінеді. Осы нәтижелер  $f(R, T) = R + 2\lambda T$  моделінде үдеуді сипаттайтын режимдерде SEC шартының бұзылуы мүмкін болатынын және бұл бұзылудың  $\lambda$  мәніне тәуелді екенін көрсетеді.

DEC шарты идеал сұйықтық үшін  $\rho(z) \geq 0$ ,  $\rho(z) \geq |p(z)|$  түрінде жазылады. Бұл талап энергия тығыздығының қысым модулінен кем болмауын қамтамасыз етіп, энергия-импульс ағынының физикалық тұрғыда басым режимде қалуын сипаттайды, яғни аса экзотикалық күйдің басым болу мүмкіндігін шектейді. Алынған  $\rho(z)$  және  $p(z)$  нәтижелері бойынша қарастырылған  $\lambda$  мәндері үшін  $\rho(z) - |p(z)|$  шамасы зерттелген қызыл ығысу аралығында оң мәнді сақтайды, сондықтан DEC шарты осы параметрлер жиыны үшін орындалады.

Осылайша, энергия шарттарын талдау  $f(R, T) = R + 2\lambda T$  моделінің таңдалған параметрлер аймағында физикалық тұрғыдан келісімді екенін көрсетеді. Атап айтқанда, NEC және WEC шарттарының орындалуы тиімді энергия тығыздығының оң болуын және энергия ағынының физикалық мағынада қалуын қамтамасыз етеді, ал DEC шарты қысым мен тығыздықтың қатынасы себепті шектен тыс режимдердің пайда болмауын шектейтін қосымша критерий ретінде қызмет етеді. Сонымен қатар SEC шарты ( $\rho + 3p$ ) комбинациясымен анықталатындықтан, оның бұзылуы көбіне кеш уақыттардағы үдеумен байланысты және тиімді қысымның теріс үлесі күшейетін режимдердің бар екенін білдіреді. Алынған графиктерімізде  $\lambda$  параметрінің өзгеруі осы комбинацияның қызыл ығысуға тәуелді эволюциясын сандық тұрғыдан өзгертетінін көрсетіп, SEC шартын бұзатын немесе оны қайта қалпына келтіретін аймақтардың  $\lambda$ -ға сезімтал екенін аңғартады. Демек,  $\lambda$  материя-геометрия байланысын реттейтін маңызды параметр болып табылады және оның мәніне қарай модель кеш уақыттардағы үдеуді сипаттайтын режимдерді бере алады, әрі энергия шарттары тұрғысынан физикалық жарамды параметрлік облыстарды бөліп көрсетуге мүмкіндік береді. Соңында, бұл талдау алынған нәтижелерді стандартты  $\Lambda$ CDM болжамдарымен салыстыруға негіз болып, модификацияланған гравитацияның бақылаулық тұрғыдан тексерілуіне алғышарт жасайды.

### Қорытынды

Бұл жұмыста материя – геометрияның минималды емес байланысы бар  $f(R, T)$  гравитациясының сызықтық моделі  $f(R, T) = R + 2\lambda T$  қарастырылды. Дивергенциясыз баяулау параметрленуі негізінде Ғаламның кеңею тарихын сипаттайтын  $H(z)$  функциясы қалпына келтіріліп, алынған өрнек модификацияланған Фридман теңдеулеріне енгізілді. Осы тәсіл арқылы негізгі космологиялық шамалардың эволюциясы зерттеліп, энергия тығыздығы  $\rho(z)$ , қысым  $p(z)$  және күй теңдеуі параметрі  $\omega(z)$  үшін аналитикалық және графикалық нәтижелер алынды. Нәтижелер  $\lambda$

параметрінің модель динамикасына айтарлықтай әсер ететінін көрсетті:  $\lambda$  өзгерген сайын кеңею қарқынының сипаттамалары,  $\rho(z)$  және  $p(z)$  функцияларының деңгейі мен эволюциялық мінезі, сондай-ақ  $\omega(z)$  параметрінің қызыл ығысуға тәуелділігі сандық тұрғыдан өзгереді. Бұл байланыс параметрі материяның ізі арқылы геометрияға енгізілетін түзетулерді реттеп, кеш уақыттардағы үдеуді сипаттайтын тиімді динамиканың қалыптасуына ықпал ететіні байқалады.

Модельдің физикалық үйлесімділігін бағалау мақсатында классикалық энергия шарттары NEC, WEC, SEC, DEC талданды. Талдау нәтижесінде таңдаулы параметрлер аймағында NEC және WEC шарттарының орындалуы модельдің физикалық тұрғыдан қабылданатын режимдер бере алатынын көрсетеді. Сонымен қатар үдемелі кеңеюмен байланысты режимдерде SEC шартының кейбір қызыл ығысу аралықтарында бұзылуы мүмкін екені анықталды; бұл құбылыс үдемелі кеңею сценарийімен үйлеседі және  $\lambda$  параметрінің кеш уақыттардағы динамиканы реттеудегі ролін айқындайды. Демек, энергия шарттары тұрғысынан алынған нәтижелер  $f(R,T)=R+2\lambda T$  моделінің үдеуді сипаттайтын режимдерге қабілетті екенін және сонымен бірге физикалық жарамды параметрлік аймақтарды бөліп көрсетуге мүмкіндік бар екенін растайды.

Жалпы алғанда, дивергенциясыз кинематикалық параметрлену  $f(R,T)$  гравитациясы шеңберінде кеш уақыттағы космостық үдеуді сапалық тұрғыдан түсіндіруге және модель параметрлерінің әсерін жүйелі түрде бағалауға тиімді құрал болып табылады. Болашақта жұмысты кеңейту үшін  $\lambda$  параметрін кеңірек диапазонда зерттеу, бақылаулық деректермен бірлескен параметрлік шектеулер жүргізу, сондай-ақ тұрақтылық пен қозуларды талдау бағыттары перспективалы болып табылады. Бұл қадамдар ұсынылған модельдің бақылаулық тұрғыдан жарамдылығын тереңірек тексеруге және нәтижелерді стандартты  $\Lambda$ CDM болжамдарымен толық салыстыруға мүмкіндік береді.

#### **Алғыс айту, мүдделер қақтығысы**

Авторлар мүдделер қақтығысы жоқтығын мәлімдейді.

#### **Авторлардың қосқан үлесі**

**Жадыранова А.А.** – зерттеу міндеттерін тұжырымдау, әдіснаманы әзірлеу, ғылыми жетекшілік және жалпы редакциялау.

**Исмаил Ү.Қ.** – қолжазбаны дайындау, аналитикалық есептеулер жүргізу, материалдарды жинақтау және нәтижелерді талдау.

**Сноу У.М.** – ғылыми кеңес беру, теориялық талқылау, нәтижелерді интерпретациялау және мәтінді редакциялау.

**Жумабекова В.Н.** – әдебиеттерге шолу, нәтижелерді интерпретациялау, қолжазбаны редакциялау.

**Жусупова Н.К.** – есептеулерді қолдау, графиктерді дайындау және нәтижелерді рәсімдеу.

### Әдебиеттер тізімі

1. A.G. Riess et al., Observational evidence from supernovae for an accelerating universe and a cosmological constant, *The astronomical journal* 116, 6.1009 (1998). <https://doi.org/10.48550/arXiv.astro-ph/9805201>
2. S. Perlmutter et al., Measurements of  $\Omega$  and  $\Lambda$  from 42 high-redshift supernovae, *The Astrophysical Journal* 517, 6.656 (1999). <https://doi.org/10.48550/arXiv.astro-ph/9812133>
3. T. Harko et al.,  $f(R,T)$  gravity, *Physical Review D-Particles, Fields, Gravitation, and Cosmology* 84, p.024020 (2011). <https://doi.org/10.1103/PhysRevD.84.024020>
4. D. Foreman-Mackey et al., emcee: the MCMC hammer, *Publications of the Astronomical Society of the Pacific* 125, 6.306 (2013). <https://doi.org/10.48550/arXiv.1202.3665>
5. M. Moresco, Raising the bar: new constraints on the Hubble parameter with cosmic chronometers at  $z \sim 2$ , *Monthly Notices of the Royal Astronomical Society: Letters* 450, 6.L16-L20 (2015). <https://doi.org/10.1093/mnrasl/slv037>
6. D. M. Scolnic et al., The complete light-curve sample of spectroscopically confirmed SNe Ia from Pan-STARRS1 and cosmological constraints from the combined pantheon sample, *The Astrophysical Journal* 859, 6.101 (2018). <https://doi.org/10.3847/1538-4357/aab9bb>
7. W. Khylllep, A. Paliathanasis, J. Dutta, Cosmological solutions and growth index of matter perturbations in  $f(Q)$  gravity, *Physical Review D* 103, 6.103521 (2021). <https://doi.org/10.1103/PhysRevD.103.103521>
8. M. Koussour, S.H. Shekh, M. Bennai, Anisotropic nature of space-time in  $f(Q)$  gravity, *Physics of the Dark Universe* 36, 6.101051 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2022.101051>
9. M. Koussour, M. Bennai, On a Bianchi type-I space-time with bulk viscosity in  $f(R,T)$  gravity, *International Journal of Geometric Methods in Modern Physics* 19, 6.2250038 (2022). <https://doi.org/10.1142/S0219887822500384>
10. M. Koussour, M. Bennai, Cosmological models with cubically varying deceleration parameter in  $f(R,T)$  gravity, *Afrika Matematika* 33, 6.27 (2022). <https://doi.org/10.1007/s13370-022-00964-3>
11. M. Koussour et al., Late-time acceleration in  $f(Q)$  gravity: Analysis and constraints in an anisotropic background, *Annals of Physics* 445, 6.169092 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.aop.2022.169092>
12. M. Koussour, S.H. Shekh, M. Bennai, Cosmic acceleration and energy conditions in symmetric teleparallel  $f(Q)$  gravity, *Journal of High Energy Astrophysics* 35, 6.43-51 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.jheap.2022.05.002>
13. M. Koussour et al., Quintessence Universe and cosmic acceleration in  $f(Q,T)$  gravity, *International Journal of Modern Physics D* 31, 6.2250115 (2022). <https://doi.org/10.1142/S0218271822501152>
14. N. Myrzakulov et al., Constraining the  $f(R,T)=R+2\lambda T$  cosmological model using recent observational data, *Chinese Physics C* 47, 6.115107 (2023). <https://doi.org/10.1088/1674-1137/acf2fa>
15. B.S. Goncalves, P. Moraes, B. Mishra, Cosmology from Non-Minimal Geometry-Matter Coupling, *Fortschritte der Physik* 71, 6.2200153 (2023). <https://doi.org/10.48550/arXiv.2101.05918>
16. M. Koussour, A. De, Observational constraints on two cosmological models of  $f(Q)$  theory, *The European Physical Journal C* 83, 6.400 (2023). <https://doi.org/10.48550/arXiv.2304.11765>
17. M. Koussour et al., A New Parametrization of Hubble Parameter in  $f(Q)$  Gravity, *Fortschritte der Physik* 71, 6.2200172 (2023). <https://doi.org/10.48550/arXiv.2208.04723>
18. M. Koussour et al., Constant sound speed and its thermodynamical interpretation in  $f(Q)$  gravity, *Nuclear Physics B* 990, 6.116158 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.nuclphysb.2023.116158>
19. M. Koussour et al., Thermodynamical aspects of Bianchi type-I Universe in quadratic form of  $f(Q)$  gravity and observational constraints, *Journal of High Energy Astrophysics* 37, 6.15-24 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.jheap.2022.11.002>

20. N. Myrzakulov et al., Cosmological implications of the constant jerk parameter in  $f(Q,T)$  gravity theory, Chinese Journal of Physics. 86, 6.300-312 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.cjph.2023.10.001>
21. K. El Bourakadi et al., Constant-roll and primordial black holes in  $f(Q,T)$  gravity, Physics of the Dark Universe. 41, 6.101246 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2023.101246>
22. T. Vinutha, V.V. Kuncham, S.K. Kolli, The study of anisotropic perfect fluid cosmological models in  $f(R,T)$  gravity, General Relativity and Gravitation. 55, 6.64 (2023). <https://doi.org/10.1007/s10714-023-03112-9>
23. N. Myrzakulov, M. Koussour, D.J. Gogoi, A new  $Om(z)$  diagnostic of dark energy in general relativity theory, The European Physical Journal C. 83, 6.594 (2023). <https://doi.org/10.1140/epjc/s10052-023-11794-3>
24. M. Koussour et al., Observational constraints on the equation of state of viscous fluid in  $f(R,T)$  gravity, Physics of the Dark Universe. 46, 6.101577 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2024.101577>
25. M. Koussour et al., Constraints on bulk viscosity in  $f(Q,T)$  gravity from  $H(z)$ /Pantheon+ data, Physics of the Dark Universe. 45, 6.101527 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2024.101527>
26. M. Koussour et al., Exploring accelerated expansion in the universe: A study of  $f(Q,T)$  gravity with parameterized EoS and cosmological constraints, Chinese Journal of Physics. 90, 6.108-120 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.cjph.2024.04.024>

**A.A. Zhadyranova<sup>1</sup>, U.K. Ismail\*<sup>1</sup>, W.M. Snow<sup>2</sup>, V.N. Zhumabekova<sup>3</sup>, N.K. Zhusupova<sup>3</sup>**

<sup>1</sup>*L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan*

<sup>2</sup>*Indiana University Bloomington, Bloomington, United States of America*

<sup>3</sup>*Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

(E-mail: [a.a.zhadyranova@gmail.com](mailto:a.a.zhadyranova@gmail.com), [umitismail848@gmail.com](mailto:umitismail848@gmail.com), [wsnow@iu.edu](mailto:wsnow@iu.edu), [zh.venera@mail.ru](mailto:zh.venera@mail.ru), [zhnaz88@gmail.com](mailto:zhnaz88@gmail.com))

### **Energy conditions in non-minimal $f(R, T)$ gravity with a divergence-free parameterization of the deceleration parameter**

**Abstract.** In this work, we study a divergence-free parameterization of the deceleration parameter within the simplest linear  $f(R,T)$  modified-gravity model featuring a non-minimal matter-geometry coupling,  $f(R,T)=R+2\lambda T$ , where  $R$  is the Ricci scalar,  $T$  is the trace of the energy-momentum tensor, and  $\lambda$  is the coupling parameter. Using this parameterization, we derive the Hubble parameter as a function of redshift,  $H(z)$ , and substitute it into the modified Friedmann equations. The model parameters are constrained with observational data from OHD (cosmic chronometers) and the Pantheon supernova compilation, and the present-day values of  $H_0$ ,  $q_0$ , and the evolutionary component  $q_1$  are numerically estimated; the results indicate a smooth transition of the Universe from decelerated to accelerated expansion. In addition, for different values of  $\lambda$ , we analyze the time evolution of the energy density  $\rho$  and the effective equation-of-state parameter  $\omega$ , identify deviations from the  $\Lambda$ CDM scenario, and clarify the role of  $\lambda$  in shaping the global cosmological dynamics. The energy-condition analysis shows that the NEC and DEC are satisfied throughout the evolution, whereas the SEC is violated at late times, in agreement with the observed cosmic acceleration. Overall, the divergence-free parameterization within  $f(R,T)$  gravity provides a viable framework to account for late-time acceleration while remaining consistent with observational and theoretical constraints. The results also provide a basis for a comparative analysis with the standard  $\Lambda$ CDM model and for placing observational bounds on the coupling parameter  $\lambda$ .

**Key words:** Divergence-free deceleration parameter,  $f(R, T)$  gravity, non-minimal coupling, cosmic acceleration, energy conditions, equation-of-state parameter,  $\Lambda$ CDM.

А.А. Жадыранова<sup>1</sup>, У.Қ. Исмаил<sup>\*1</sup>, У.М. Сноу<sup>2</sup>, В.Н. Жумабекова<sup>3</sup>, Н.К. Жусупова<sup>3</sup>

<sup>1</sup> Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

<sup>2</sup> Университет Индианы в Блумингтоне, Блумингтон, Соединённые Штаты Америки

<sup>3</sup> Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

(E-mail: a.a.zhadyranova@gmail.com, umitismail848@gmail.com, wsnow@iu.edu, zh.venera@mail.ru, zhnaz88@gmail.com)

### Бездивергентная параметризация параметра замедления и энергетические условия в неминимальной $f(R, T)$ гравитации

**Аннотация.** В данной работе исследуется бездивергентную параметризацию параметра замедления в наиболее простой линейной модели модифицированной гравитации  $f(R, T)$  с неминимальной связью материи и геометрии:  $f(R, T) = R + 2\lambda T$ , где  $R$  - скаляр Риччи,  $T$  - след тензора энергии-импульса,  $\lambda$  - параметр связи. На основе указанной параметризации выводится параметр Хаббла в виде зависимости от красного смещения  $H(z)$ , после чего он подставляется в модифицированные уравнения Фридмана. Параметры модели ограничиваются наблюдательными данными ОНД (cosmic chronometers) и компиляции сверхновых Pantheon. Для современных значений численно оцениваются  $H_0$ ,  $q_0$  и эволюционная компонента  $q_1$ , полученные результаты показывают плавный переход Вселенной от фазы замедленного расширения к ускоренному. Кроме того, для различных значений  $\lambda$  анализируется временная эволюция плотности энергии  $\rho$  и параметра полного уравнения состояния  $\omega$ , выявляются отклонения от модели  $\Lambda$ CDM и уточняется роль параметра  $\lambda$  в формировании космологической динамики. Проверка энергетических условий показывает, что условия NEC и DEC выполняются на протяжении эволюции, тогда как условие SEC нарушается на поздних временах, что согласуется с наблюдаемым космическим ускорением. В целом, бездивергентная параметризация в рамках  $f(R, T)$ - гравитации позволяет описывать поздневременное ускорение, одновременно сохраняя согласованность с наблюдательными и теоретическими ограничениями. Полученные результаты создают основу для сравнительного анализа со стандартной моделью  $\Lambda$ CDM и для наложения наблюдательных ограничений на параметр  $\lambda$ .

**Ключевые слова:** бездивергентный параметр замедления,  $f(R, T)$  гравитация, неминимальная связь, космическое ускорение, энергетические условия, параметр уравнения состояния,  $\Lambda$ CDM.

### References

1. A.G. Riess et al., Observational evidence from supernovae for an accelerating universe and a cosmological constant, *The astronomical journal* 116, p.1009 (1998). <https://doi.org/10.48550/arXiv.astro-ph/9805201>
2. S. Perlmutter et al., Measurements of  $\Omega$  and  $\Lambda$  from 42 high-redshift supernovae, *The Astrophysical Journal*. 517, p.656 (1999). <https://doi.org/10.48550/arXiv.astro-ph/9812133>
3. T. Harko et al.,  $f(R, T)$  gravity, *Physical Review D-Particles, Fields, Gravitation, and Cosmology* 84, p.024020 (2011). <https://doi.org/10.1103/PhysRevD.84.024020>
4. D. Foreman-Mackey et al., emcee: the MCMC hammer, *Publications of the Astronomical Society of the Pacific* 125, p.306 (2013). <https://doi.org/10.48550/arXiv.1202.3665>
5. M. Moresco, Raising the bar: new constraints on the Hubble parameter with cosmic chronometers at  $z \sim 2$ , *Monthly Notices of the Royal Astronomical Society: Letters*. 450, p.L16-L20 (2015). <https://doi.org/10.1093/mnrasl/slv037>

6. D. M. Scolnic et al., The complete light-curve sample of spectroscopically confirmed SNe Ia from Pan-STARRS1 and cosmological constraints from the combined pantheon sample, *The Astrophysical Journal* 859, p.101 (2018). <https://doi.org/10.3847/1538-4357/aab9bb>
7. W. Khylllep, A. Paliathanasis, J. Dutta, Cosmological solutions and growth index of matter perturbations in  $f(Q)$  gravity, *Physical Review D* 103, p.103521 (2021). <https://doi.org/10.1103/PhysRevD.103.103521>
8. M. Koussour, S.H. Shekh, M. Bennai, Anisotropic nature of space-time in  $f(Q)$  gravity, *Physics of the Dark Universe* 36, p.101051 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2022.101051>
9. M. Koussour, M. Bennai, On a Bianchi type-I space-time with bulk viscosity in  $f(R,T)$  gravity, *International Journal of Geometric Methods in Modern Physics* 19, p.2250038 (2022). <https://doi.org/10.1142/S0219887822500384>
10. M. Koussour, M. Bennai, Cosmological models with cubically varying deceleration parameter in  $f(R,T)$  gravity, *Afrika Matematika*. 33, p.27 (2022). <https://doi.org/10.1007/s13370-022-00964-3>
11. M. Koussour et al., Late-time acceleration in  $f(Q)$  gravity: Analysis and constraints in an anisotropic background, *Annals of Physics* 445, p.169092 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.aop.2022.169092>
12. M. Koussour, S.H. Shekh, M. Bennai, Cosmic acceleration and energy conditions in symmetric teleparallel  $f(Q)$  gravity, *Journal of High Energy Astrophysics* 35, p.43-51 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.jheap.2022.05.002>
13. M. Koussour et al., Quintessence Universe and cosmic acceleration in  $f(Q,T)$  gravity, *International Journal of Modern Physics D*. 31, p.2250115 (2022). <https://doi.org/10.1142/S0218271822501152>
14. N. Myrzakulov et al., Constraining the  $f(R,T)=R+2\lambda T$  cosmological model using recent observational data, *Chinese Physics C* 47, p.115107 (2023). <https://doi.org/10.1088/1674-1137/acf2fa>
15. B.S. Goncalves, P. Moraes, B. Mishra, Cosmology from Non-Minimal Geometry-Matter Coupling, *Fortschritte der Physik*. 71, p.2200153 (2023). <https://doi.org/10.48550/arXiv.2101.05918>
16. M. Koussour, A. De, Observational constraints on two cosmological models of  $f(Q)$  theory, *The European Physical Journal C*. 83, p.400 (2023). <https://doi.org/10.48550/arXiv.2304.11765>
17. M. Koussour et al., A New Parametrization of Hubble Parameter in  $f(Q)$  Gravity, *Fortschritte der Physik*. 71, p.2200172 (2023). <https://doi.org/10.48550/arXiv.2208.04723>
18. M. Koussour et al., Constant sound speed and its thermodynamical interpretation in  $f(Q)$  gravity, *Nuclear Physics B*. 990, p.116158 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.nuclphysb.2023.116158>
19. M. Koussour et al., Thermodynamical aspects of Bianchi type-I Universe in quadratic form of  $f(Q)$  gravity and observational constraints, *Journal of High Energy Astrophysics*. 37, p.15-24 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.jheap.2022.11.002>
20. N. Myrzakulov et al., Cosmological implications of the constant jerk parameter in  $f(Q,T)$  gravity theory, *Chinese Journal of Physics*. 86, p.300-312 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.cjph.2023.10.001>
21. K. El Bourakadi et al., Constant-roll and primordial black holes in  $f(Q,T)$  gravity, *Physics of the Dark Universe*. 41, p.101246 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2023.101246>
22. T. Vinutha, V.V. Kuncham, S.K. Kolli, The study of anisotropic perfect fluid cosmological models in  $f(R,T)$  gravity, *General Relativity and Gravitation*. 55, p.64 (2023). <https://doi.org/10.1007/s10714-023-03112-9>
23. N. Myrzakulov, M. Koussour, D.J. Gogoi, A new  $Om(z)$  diagnostic of dark energy in general relativity theory, *The European Physical Journal C*. 83, p.594 (2023). <https://doi.org/10.1140/epjc/s10052-023-11794-3>
24. M. Koussour et al., Observational constraints on the equation of state of viscous fluid in  $f(R,T)$  gravity, *Physics of the Dark Universe*. 46, p.101577 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2024.101577>
25. M. Koussour et al., Constraints on bulk viscosity in  $f(Q,T)$  gravity from  $H(z)$ /Pantheon+ data, *Physics of the Dark Universe*. 45, p.101527 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.dark.2024.101527>

26. M. Koussour et al., Exploring accelerated expansion in the universe: A study of  $f(Q,T)$  gravity with parameterized EoS and cosmological constraints, Chinese Journal of Physics. 90, p.108-120 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.cjph.2024.04.024>

**Авторлар туралы мәлімет:**

**Жадыранова А.А.** – PhD, жалпы және теориялық физика кафедрасының аға оқытушысы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Мұнайтпасов көшесі 13, Астана, Қазақстан.

**Исмаил Ү.Қ.** – хат-хабар авторы, жалпы және теориялық физика кафедрасының магистранты, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Мұнайтпасов көшесі 13, Астана, Қазақстан.

**Сноу У.М.** – PhD, физика кафедрасының профессоры, Блумингтон қаласындағы Индиана университеті, Шығыс 3-көшесі 47405, Блумингтон, АҚШ.

**Жумабекова В.Н.** – PhD, физика кафедрасының қауымдастырылған профессоры, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғылы 13, Алматы, Қазақстан.

**Жусупова Н.К.** – PhD докторант, физика кафедрасы, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық даңғылы 13, Алматы, Қазақстан.

**Жадыранова А.А.** – PhD, старший преподаватель кафедры общей и теоретической физики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, ул. Мунайтпасова, 13, Астана, 010008, Казахстан.

**Исмаил Ү.Қ.** – автор для корреспонденции, магистрант кафедры общей и теоретической физики, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилёва, ул. Мунайтпасова 13, Астана, 010008, Казахстан.

**Сноу У.М.** – PhD, профессор кафедры физики, Университет Индианы в Блумингтоне, ул. Восточная 3-я, 47405, Блумингтон, США.

**Жумабекова В.Н.** – PhD, ассоциированный профессор кафедры физики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, просп. Достык 13, 050000, Алматы, Казахстан.

**Жусупова Н.К.** – докторант PhD кафедры физики, Казахский национальный педагогический университет имени Абая, просп. Достык 13, 050000, Алматы, Казахстан.

**Zhadyranova A.A.** – PhD, Senior Lecturer, Department of General and Theoretical Physics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Munaitpasova Street, Astana, 010008, Kazakhstan.

**Ismail U.K.** – the corresponding author, Master’s student, Department of General and Theoretical Physics, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Munaitpasova Street, Astana, 010008, Kazakhstan.

**Snow W.M.** – PhD, Professor, Department of Physics, Indiana University Bloomington, East 3rd Street, 47405, Bloomington, USA.

**Zhumabekova V.N.** – PhD, Associate Professor, Department of Physics, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050000, Almaty, Kazakhstan.

**Zhusupova N.K.** – Doctoral student, Department of Physics, Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Ave., 050000, Almaty, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



IRSTI 29.15.19

<https://doi.org/10.32523/2616-6836-2025-154-1-37-46>

Review article

## An overview of the $^{20}\text{Ne}+^{76}\text{Ge}$ at $E_{\text{lab}} = 275\text{MeV}$

Lorenzo Federico Pappalardo<sup>1\*</sup> , Soukeras Vasilis<sup>1,2</sup> 

<sup>1</sup>Università degli Studi di Catania, Italy, <sup>2</sup>INFN, Laboratori Nazionali del Sud, Catania, Italy

(E-mail: [lorenzo.pappalardo10@gmail.com](mailto:lorenzo.pappalardo10@gmail.com), [soukeras@lns.infn.it](mailto:soukeras@lns.infn.it))

9. Lemine, O.M. et al., Comparative heating efficiency of hematite ( $\alpha\text{-Fe}_2\text{O}_3$ ) and nickel ferrite nanoparticles for magnetic hyperthermia application, *Ceramics International*, 46(18), pp. 28821-28827 (2020). <https://doi.org/10.1016/j.ceramint.2020.08.047>
10. Li, R. et al., Corrosion at nanoscale: Insights from nanoscale zero-valent iron (NZVI) oxidation, *ACS ES&T Engineering*, 5(12), pp. 3198-3207 (2025). <https://doi.org/10.1021/acsestengg.5c00198>
11. Yaohan, D. et al., Strength degradation of a ferrite-bainite weathering steel subjected to corrosion fatigue environment, *Corrosion Science*, 208, p. 110690 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.corsci.2022.110690>
12. Ansari F. A. et al., Volatile corrosion inhibitors for ferrous and non-ferrous metals and alloys: A review, *International Journal of Corrosion and Scale Inhibition*, 7(2), pp. 126-150 (2018). <https://doi.org/10.17675/2305-6894-2018-7-2-2>
13. Ma, I.A. et al., A concise review on corrosion inhibitors: Types, mechanisms and electrochemical evaluation studies, *Journal of Coatings Technology and Research*, 19(1), pp. 241-268 (2021). <https://doi.org/10.1007/s11998-021-00547-0>
14. Wang, J. et al., Corrosion resistant coating with passive protection and self-healing property based on  $\text{Fe}_3\text{O}_4$ -MBT nanoparticles, *Corrosion Communications*, 7, pp. 1-11 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.corcom.2021.12.005>
15. Kaliyekperova, K.B. et al., Synthesis and investigation of the applicability of  $\text{Fe}_3\text{O}_4/\text{ZnO}$  nanoparticles as a basis for hyperthermic studies, *Case Studies in Chemical and Environmental Engineering*, 11, p. 101195 (2025). <https://doi.org/10.1016/j.cscee.2025.101195>
16. Dolabella, S. et al., Lattice strain and defects analysis in nanostructured semiconductor materials and devices by high-resolution x-ray diffraction: Theoretical and practical aspects, *Small Methods*, 6(2), p. 2100932 (2021). <https://doi.org/10.1002/smt.202100932>
17. Robinson, I. and Harder, R., Coherent X-ray diffraction imaging of strain at the nanoscale, *Nature Materials*, 8(4), pp. 291-298 (2009). <https://doi.org/10.1038/nmat2400>
18. Stepan, T. et al., Effect of nanoparticle size on the near-surface pH-distribution in aqueous and carbonate buffered solutions, *Electrochimica Acta*, 409, p. 139923 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.electacta.2022.139923>

19. Hotze, E.M., Phenrat, T. and Lowry, G.V., Nanoparticle Aggregation: Challenges to understanding transport and reactivity in the environment, *Journal of Environmental Quality*, 39(6), pp. 1909-1924 (2010). <https://doi.org/10.2134/jeq2009.0462>

20. Chen, Y. et al., Interfacial reconstruction via A-site cationic inversion: Unlocking superior PMS activation in CO/MN Spinels for advanced water decontamination, *Applied Surface Science*, 709, p. 163844 (2025). <https://doi.org/10.1016/j.apsusc.2025.163844>

21. Zhao, Q. et al., Spinels: Controlled preparation, oxygen reduction/evolution reaction application, and beyond, *Chemical Reviews*, 117(15), pp. 10121-10211 (2017). <https://doi.org/10.1021/acs.chemrev.7b00051>

22. Tatarchuk, T., Studying the defects in spinel compounds: Discovery, formation mechanisms, classification, and influence on catalytic properties, *Nanomaterials*, 14(20), p. 1640 (2024). <https://doi.org/10.3390/nano14201640>

**К.Б. Калиекперова<sup>\*1,2</sup>, Р.И. Шакирзянов<sup>1</sup>, Д.И. Тишкевич<sup>3</sup>, А.Ж. Жақсылық<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті КЕАҚ, Астана, Қазақстан

<sup>2</sup>ҚРАЭА Ядролық физика институты ШЖҚ РМК, Алматы, Қазақстан

<sup>3</sup>«Беларусь Ұлттық ғылым академиясының материалтану ғылыми-практикалық орталығы»  
МФПК, Минск, Беларусь

<sup>4</sup>Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті КЕАҚ, Алматы, Қазақстан  
(E-mail: kaliekperova\_kb\_1@enu.kz, shakirzyanov\_ri@enu.kz, dashachushkova@gmail.com, ag.vet21@gmail.com)

### **(1-x)Fe<sub>3</sub>O<sub>4</sub> – xZnO нанокompозиттеріндегі фазалық құрамның өзгеруінің коррозия механизмдерінің тежелуіне әсерін зерттеу**

**Аңдатпа.** Мақалада  $(1-x)\text{Fe}_3\text{O}_4 - x\text{ZnO}$  нанокompозиттерінің фазалық құрамының өзгеруінің нанобөлшектер дененің физиологиялық ортасын модельдейтін модельдік фосфат буферлік ерітінділерімен жанасқан кезде пайда болатын коррозия процестеріне төзімділікке әсерін зерттеу нәтижелері ұсынылған. 25 °C және 45 °C температурадағы нәтижелерді салыстырмалы талдау сұйық ортадағы шпинель фазасының құрылымдық өзгерістер дәрежесін басқаратын анықтаушы фактор температура болып табылады деген қорытынды жасауға мүмкіндік береді. Бөлме температурасында нанокompозиттер жоғары кристалдық химиялық тұрақтылықты көрсетеді, ал 45 °C температурада катиондардың таралуының біртіндеп эволюциясы байқалады, бұл инверсия дәрежесінің артуына және  $\text{ZnFe}_2\text{O}_4$  шпинелінің құрылымында катиондық бұзылыстың артуына әкеледі. Жүргізілген зерттеулер барысында аморфты фаза құрамының артуы шпинель фазасының инверсия дәрежесінің тіркелген артуымен және катиондық бұзылыстың өсуімен корреляцияланатыны анықталды, бұл катион миграциясын, ақаудың пайда болуын және құрылымның ішінара аморфттануын қамтитын бірыңғай деградация механизмін көрсетеді. Сонымен қатар, тіпті ең ауыр ыдырау жағдайларында да (45 °C, 7 күн) аморфты

қосындылардың жалпы үлесі шектеулі болып қалады, бұл зерттелген нанокөмірлердің қанағаттанарлық құрылымдық тұрақтылығын растайды.

**Түйін сөздер:** нанобөлшектер, коррозия, құрылымдық деградация, бұзылыс, инверсия

**К.В. Kaliyekperova<sup>\*1,2</sup>, R.I. Shakirzyanov<sup>1</sup>, D.I. Tishkevich<sup>3</sup>,  
A.Zh. Zhaksylyk<sup>4</sup>**

<sup>1</sup>NJSC L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

<sup>2</sup>RSE on the REM Institute of Nuclear Physics of the ARKAE, Almaty, Kazakhstan

<sup>3</sup>SSPA "Scientific and Practical Center of NAS of Belarus for Materials Science", Minsk, Belarus

<sup>4</sup>NJSC Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan

(E-mail: kaliekperova\_kb\_1@enu.kz, shakirzyanov\_ri@enu.kz, dashachushkova@gmail.com, ag.vet21@gmail.com)

### **Study of the influence of phase composition variation in $(1-x)\text{Fe}_3\text{O}_4 - x\text{ZnO}$ nanocomposites on the inhibition of corrosion mechanisms**

**Abstract.** The paper presents the results of studies of the influence of changes in the phase composition of  $(1-x)\text{Fe}_3\text{O}_4 - x\text{ZnO}$  nanocomposites on the resistance to corrosion processes that occur when nanoparticles come into contact with model phosphate buffer solutions that simulate the physiological environment of the body. A comparative analysis of the results at 25 °C and 45 °C makes it possible to conclude that temperature is the determining factor controlling the degree of structural changes of the spinel phase in a liquid medium. At room temperature, the nanocomposites exhibit high crystal chemical stability, whereas at 45 °C, a gradual evolution of the cation distribution, leading to an increase in the inversion degree and an increase in cationic disorder in the structure of  $\text{ZnFe}_2\text{O}_4$  spinel, is observed. During the conducted studies, it was established that the growth in the content of the amorphous phase correlates with the recorded increase in the degree of inversion of the spinel phase and the growth of cationic disorder, which indicates a single degradation mechanism, including cation migration, defect formation, and partial amorphization of the structure. Moreover, even under the most severe degradation conditions (45 °C, 7 days), the total proportion of amorphous inclusions remains limited, which confirms the satisfactory structural stability of the studied nanocomposites.

**Keywords:** nanoparticles, corrosion, structural degradation, disorder, inversion

#### **References**

1. Raturi, P. et al., Ferrite nanoparticles for sensing applications, *Materials Horizons: From Nature to Nanomaterials*, pp. 151-187 (2023). [https://doi.org/10.1007/978-981-99-2583-4\\_9](https://doi.org/10.1007/978-981-99-2583-4_9)
2. Zhang, J. et al.,  $\text{ZnFe}_2\text{O}_4$  nanoparticles: Synthesis, characterization, and enhanced gas sensing property for acetone, *Sensors and Actuators B: Chemical*, 221, pp. 55-62 (2015). <https://doi.org/10.1016/j.snb.2015.06.040>

3. Jeyadevan, B. et al., Polyol process for Fe-based hard(FCT-FePt) and soft(FeCo) magnetic nanoparticles, IEEE Transactions on Magnetics, 42(10), pp. 3030-3035 (2006). <https://doi.org/10.1109/tmag.2006.880149>
4. Can, M.M., Coşkun, M. and Firat, T., A comparative study of nanosized iron oxide particles; magnetite ( $\text{Fe}_3\text{O}_4$ ), maghemite ( $\gamma\text{-Fe}_2\text{O}_3$ ) and hematite ( $\alpha\text{-Fe}_2\text{O}_3$ ), using ferromagnetic resonance, Journal of Alloys and Compounds, 542, pp. 241-247 (2012). <https://doi.org/10.1016/j.jallcom.2012.07.091>
5. Salih, S.J. and Mahmood, W.M., Review on magnetic spinel ferrite ( $\text{MFe}_2\text{O}_4$ ) nanoparticles: From synthesis to application, Heliyon, 9(6), pp. 1-10 (2023). <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2023.e16601>
6. Céspedes, E. et al., Bacterially synthesized ferrite nanoparticles for magnetic hyperthermia applications, Nanoscale, 6(21), pp. 12958-12970 (2014). <https://doi.org/10.1039/c4nr03004d>
7. Sharifi, I., Shokrollahi, H. and Amiri, S., Ferrite-based magnetic nanofluids used in hyperthermia applications, Journal of Magnetism and Magnetic Materials, 324(6), pp. 903-915 (2012). <https://doi.org/10.1016/j.jmmm.2011.10.017>
8. Kobayashi, T., Cancer hyperthermia using magnetic nanoparticles, Biotechnology Journal, 6(11), pp. 1342-1347 (2011). <https://doi.org/10.1002/biot.201100045>
9. Lemine, O.M. et al., Comparative heating efficiency of hematite ( $\alpha\text{-Fe}_2\text{O}_3$ ) and nickel ferrite nanoparticles for magnetic hyperthermia application, Ceramics International, 46(18), pp. 28821-28827 (2020). <https://doi.org/10.1016/j.ceramint.2020.08.047>
10. Li, R. et al., Corrosion at nanoscale: Insights from nanoscale zero-valent iron (NZVI) oxidation, ACS ES&E Engineering, 5(12), pp. 3198-3207 (2025). <https://doi.org/10.1021/acsestengg.5c00198>
11. Yaohan, D. et al., Strength degradation of a ferrite-bainite weathering steel subjected to corrosion fatigue environment, Corrosion Science, 208, p. 110690 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.corsci.2022.110690>
12. Ansari F. A. et al., Volatile corrosion inhibitors for ferrous and non-ferrous metals and alloys: A review, International Journal of Corrosion and Scale Inhibition, 7(2), pp. 126-150 (2018). <https://doi.org/10.17675/2305-6894-2018-7-2-2>
13. Ma, I.A. et al., A concise review on corrosion inhibitors: Types, mechanisms and electrochemical evaluation studies, Journal of Coatings Technology and Research, 19(1), pp. 241-268 (2021). <https://doi.org/10.1007/s11998-021-00547-0>
14. Wang, J. et al., Corrosion resistant coating with passive protection and self-healing property based on  $\text{Fe}_3\text{O}_4$ -MBT nanoparticles, Corrosion Communications, 7, pp. 1-11 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.corcom.2021.12.005>
15. Kaliyekperova, K.B. et al., Synthesis and investigation of the applicability of  $\text{Fe}_3\text{O}_4/\text{ZnO}$  nanoparticles as a basis for hyperthermic studies, Case Studies in Chemical and Environmental Engineering, 11, p. 101195 (2025). <https://doi.org/10.1016/j.cscee.2025.101195>
16. Dolabella, S. et al., Lattice strain and defects analysis in nanostructured semiconductor materials and devices by high-resolution x-ray diffraction: Theoretical and practical aspects, Small Methods, 6(2), p. 2100932 (2021). <https://doi.org/10.1002/smt.202100932>
17. Robinson, I. and Harder, R., Coherent X-ray diffraction imaging of strain at the nanoscale, Nature Materials, 8(4), pp. 291-298 (2009). <https://doi.org/10.1038/nmat2400>

18. Stepan, T. et al., Effect of nanoparticle size on the near-surface pH-distribution in aqueous and carbonate buffered solutions, *Electrochimica Acta*, 409, p. 139923 (2022). <https://doi.org/10.1016/j.electacta.2022.139923>

19. Hotze, E.M., Phenrat, T. and Lowry, G.V., Nanoparticle Aggregation: Challenges to understanding transport and reactivity in the environment, *Journal of Environmental Quality*, 39(6), pp. 1909-1924 (2010). <https://doi.org/10.2134/jeq2009.0462>

20. Chen, Y. et al., Interfacial reconstruction via A-site cationic inversion: Unlocking superior PMS activation in CO/MN Spinel for advanced water decontamination, *Applied Surface Science*, 709, p. 163844 (2025). <https://doi.org/10.1016/j.apsusc.2025.163844>

21. Zhao, Q. et al., Spinel: Controlled preparation, oxygen reduction/evolution reaction application, and beyond, *Chemical Reviews*, 117(15), pp. 10121-10211 (2017). <https://doi.org/10.1021/acs.chemrev.7b00051>

22. Tatarchuk, T., Studying the defects in spinel compounds: Discovery, formation mechanisms, classification, and influence on catalytic properties, *Nanomaterials*, 14(20), p. 1640 (2024). <https://doi.org/10.3390/nano14201640>

#### **Сведения об авторах:**

**Калиекперова К.Б.** – автор для корреспонденции, докторант PhD кафедры ядерной физики, новых материалов и технологий, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Шакирзянов Р.И.** – к.ф.-м.н., младший научный сотрудник, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан.

**Тишкевич Д.И.** – к.ф.-м.н., доцент, старший научный сотрудник лаборатории физики магнитных пленок Государственного научно-производственного объединения «Научно-практический центр Национальной академии наук Беларуси по материаловедению», Минск, Беларусь.

**Жақсылық А.Ж.** – докторант PhD, Казахский национальный аграрный исследовательский университет, Алматы, Казахстан.

**Калиекперова К.Б.** – хат-хабар авторы, PhD докторант, Ядролық физика, жаңа материалдар және технологиялар кафедрасы, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Шакирзянов Р.И.** – физика-математика ғылымдарының кандидаты, кіші ғылыми қызметкері, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан.

**Тишкевич Д.И.** – физика-математика ғылымдарының кандидаты, доцент, аға ғылыми қызметкер, магниттік пленка физикасы зертханасы, «Беларусь Ұлттық ғылым академиясының материалтану ғылыми-практикалық орталығы» мемлекеттік ғылыми-өндірістік бірлестігі, Минск, Беларусь.

**Жақсылық А.Ж.** – PhD докторант, Қазақ ұлттық аграрлық зерттеу университеті, Алматы, Қазақстан.

**Kaliyekperova K.B.** – the corresponding author, PhD student, Department of Nuclear Physics, New Materials and Technologies, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Shakirzyanov R.I.** – Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Junior Researcher, L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan.

**Tishkevich D.I.** – Candidate of Physical and Mathematical Sciences, Associate Professor, Senior Researcher, Laboratory of Magnetic Film Physics, State Scientific and Production Association "Scientific and Practical Center for Materials Science of the National Academy of Sciences of Belarus", Minsk, Belarus.

**Zhaksylyk A.Zh.** – PhD student, Kazakh National Agrarian Research University, Almaty, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 29.05.15

<https://doi.org/10.32523/2616-6836-2025-154-1-124-136>

ҒЫЛЫМИ МАҚАЛА

## Ашық кванттық жүйелердің динамикасын Ли топтары мен алгебралары арқылы зерттеу

Т.Б. Қоштыбаев<sup>1</sup>, А.К. Ершина<sup>1\*</sup>, А.М. Татенов<sup>1</sup>,  
А.Т. Жавлиева<sup>1</sup>, М.Е. Алиева<sup>2</sup>

<sup>1</sup>Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан, <sup>2</sup>Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: koshtybayev70@mail.ru, 50ershina@gmail.com, a.tatenov1@gmail.com, zhavliyeva.11@gmail.com, moldir-2008@mail.ru)

**Аңдатпа.** Мақалада кванттық жүйелердің күйлерін, үзіліссіздік және симметриялылық қасиеттерін тығыздық матрицасы арқылы сипаттауға арналған теориялық зерттеулер ұсынылған. Операторлар, олардың коммутациялары Ли топтары мен алгебралары арқылы өрнектелді. Тығыздық матрицасына арналған Нейман немесе Лиувилдің кванттық теңдеуін стационар гамильтониан үшін шешу арқылы жүйедегі барлық оқиғалардың себептеріне Ли алгебралары тұрғысынан талдаулар жасалды. Тығыздық матрицасының уақытқа тәуелділігінен бақыланушылар тәуелділігіне өту арқылы бақыланушылардың Гейзенбергтік көріністегі динамикасына арналған және бақыланушылардың Ли алгебрасын өзгертпейтін унитарлы теңдеулерге қол жеткізілді. Линдبلاد теңдеуін стационарлы супер оператор үшін шешу арқылы қоршаған ортамен әлсіз әсерлесетін ашық кванттық жүйелердің динамикасына жан-жақты баға берілді. Қоршаған ортамен әсерлесетін кванттық әлемнен классикалық әлемге өту мүмкіндігі Блох шарының сығылуы арқылы көрсетілді. Лидің бір алгебрасынан басқа бір алгебрасына көшу жағдайлары нақтыланды. Линдبلاد теңдеуі және оның шешімі Гелл–Манн матрицасы үлгісінде жазылды. Есептеулер кезінде ішкі алгебралардың базистері мен генераторларының арасындағы байланыстар төрт өлшемді жағдайға сәйкестендірілді. Уақыт айнымалысының үлкен мәндері үшін тығыздық матрицасының сығыла алатын аймағының математикалық нұсқасы анықталды.

**Түйін сөздер:** алгебра, топтар, кванттық ашық жүйе, тығыздық матрицасы, операторлар, симметрия, үзіліссіздік, күйлер

Жіберілді 14.01.2026. Өзгертілді 7.02.2026. Қабылданды 25.02.2026. Онлайн қол жетімді 30.03.2026.

\*хат-хабар авторы

## Кіріспе

Топтар мен симметриялар теориясы математикалық физиканың есептеу, зерттеу, талдау аппараты ретінде теориялық физикадағы маңызды құбылыстарды зерттеу құралына айналып отыр. Элементар бөлшектер физикасындағы, космологиядағы және осы секілді басқа да ғылыми салалардағы (бағыттардағы) үздіксіз симметрияларды зерттеуде Лидің топтары мен алгебралары маңызды рөл атқаруда. Релятивистік физиканың негізін Лоренц және Пуанкере топтары құраса, элементар бөлшектердің заманауи теориясы калибрлеуші топтағы калибрлік симметрияны басшылыққа алады. Ли алгебраларының қалыптасу қарқыны Ли топтарының дамуына байланысты болады. Ли алгебралары мен топтарының теориясын 1870 жылы норвегиялық математик Софус Ли (1842–1899) қалаған болатын, алайда бұл теорияға мұндай атты (атауды) 1934 жылы неміс математигі Герман Вейл берді. Бұған дейін бұл теория «топтың инфиниттік түрлендірулері» деген атпен белгілі болған. Софус Ли дифференциалдық теңдеулер үшін Эверис Галуаның алгебралық теңдеулерге арнап жасаған теориясына ұқсас өзіндік ерекшелігі бар теория жасағысы келді. Оның осы бағытта атқарған қажырлы еңбектерінің нәтижесінде дүниеге Ли топтарының теориясы келді. Ли әртүрлі сипаттағы (ерекшеліктегі) дифференциалдық теңдеулерді интегралдауға арналған арнайы әдістерді талдай келе мынадай қорытындыға тоқталды: бұл әдістердің барлығы да шын мәнісінде интегралдаудың жалпыламалы тәсілінің дербес жағдайлары болуы мүмкін [1,2]. Ли топтарының концепциясы математика мен жаратылыстың *үзіліссіздік және симметриялылық* атты фундаменталды (іргелі) екі идеяларын тоғыстырды. Сонымен бірге, Ли алгебралары-базистік элементтері коммутация немесе антикоммутация ережелеріне бағынатын алгебра.

Кванттық механикадағы ашық жүйе деп сыртқы ортамен энергия және зат алмаса алатын жүйені айтады. Жүйе ашық болуы үшін тағы бір маңызды шарт орындалуы тиіс, ол – яғни жүйенің динамикасына қатысты кез-келген бір бақыланушы шаманы өлшеу әрекеттері осы жүйенің кванттық күйінің қайтымсыз өзгерістерімен байланыста болуы. Сондықтан да, ашық жүйелердің кванттық теориясында кванттық өлшеулердің орны ерекше. Классикалық механикада өлшеулер аса бір маңызға ие емес. Ашық жүйелер гамильтонды және гамильтонды емес болып бөлінеді. Гамильтондық жүйелердің даму қарқыны толықтай оның гамильтонианымен анықталады. Мұндай жүйелер унитарлы операторлардың бір параметрлі тобы арқылы сипатталады. Қозғалыс теңдеулері ретінде Нейман және Гейзенберг теңдеулері қолданылады. Сыртқы әсерлердің ықпалындағы маркты гамильтонды емес кванттық жүйелердің динамикасы Линдблад теңдеуімен анықталады.

Кеңістік – уақыт пен бөлшектердің түрленуі кезінде кванттық механика теңдеулерінің өзгеріссіз қалуы кванттық механикадағы *симметриялар* деп аталады. Жалпы алғанда, физикадағы симметрияларға, инварианттылық пен сақталу заңдарына физикалық теориялар мен модельдерді жасау кезіндегі шектеулер ретінде қарайтыны жасырын емес. Ал, іс жүзінде бұлар – мәселені шешудің және нақтылы бір нәтижені болжаудың таптырмас тәсілдері. Сақталу заңдары мәселені түбегейлі шешіп бере алмағанымен, шешуге қатысты ережелер мен шектеулерді ұтымды пайдалануға бағыт-бағдар береді.

Соңғы уақытты элементар бөлшектер физикасын симметриялық тұрғыда зерттеу шындап қолға алынған, яғни физиканың бұл саласына Ли топтары мен алгебраларын қолданылуы үздіксіз симметриялы құбылыстардың жан-жақты зерттелуіне жол ашты. Кванттық механикадағы кеңістіктік айналу мен уақыт бойынша ығысуды үзіліссіз симетриялар қатарына жатқызуға болады. Ли алгебралары – Ли топтарының сызықтық жуықталған кейіпі (үлгісі), ол математикалық есептеулерді ықшамды, әрі оңтайлы жүргізуге мүмкіндік береді. Кванттық механикадағы импульс және бұрыштық момент операторлары Ли алгебрасының генераторлары ретінде бақыланатын шамалармен байланысы бар. Ал, Ли топтары болса кванттық күйлерді симметриялық қасиеттеріне қарай кластарға бөліп бере алады. Мысалы, айналу (айналыс) топтары атомдар мен ядролардың сфералық симметрияларын зерттесе, Пуанкере топтары релятивистік кванттық механикадағы бөлшектің жай-күйін қарастырады. Кванттық механикадағы бұрыштық момент  $SO(3)$  айналыс топтары арқылы сипатталады. Сонымен бірге, Ли топтары кванттық сандар мен энергия деңгейлерін анықтайтын симметриялармен айналысатын болғандықтан, олар арқылы атомдар мен ядролардың спектрлерінің құрылымын түсіндіре аламыз. Өрістердің кванттық теориясында Ли топтары лагранжиандардың симметриясын сипаттауда және элементар бөлшектерді кластарға бөлу мақсатында қолданылады. Олай болса, Лидің алгебралары мен топтарын кванттық жүйелер мен олардың әсерлесулерін терең түсінуге мүмкіндік (пәрмен) беретін құдіретті математикалық аппарат ретінде тануға болады екен. Байланысқан күйлер спектрлерінің кулондық тарту өрісінде квантталуын және үш өлшемді изотропты осциллятордың кванттық күйлерінің симметрия топтары көрінісінде сипатталуын Ли алгебрасының кванттық физикадағы қолданысының тағы бір көрінісі деп қабылдау керек. Кванттық жүйедегі симметриялар мен заңдылықтар көбіне операторлар алгебрасы арқылы өрнектеледі, бұл қадам олардың динамикасы мен қасиеттерін қозғалыс теңдеулерін шешпей-ақ зерттей беруге жағдай жасайды. Осы келтірілген жағдайлар мен мақаланың тақырыбы бойынша төменде келтірілген бірқатар тың мәселелер қарастырылып, шешілетін болады:

- кванттық жүйелердің күйлерін, үзіліссіздік және симметриялылық қасиеттерін тығыздық матрицасы арқылы сипаттау;
- жүйелердегі симметрияларды, операторларды, коммутацияларды Ли топтары мен алгебралары арқылы зерттеу;
- тығыздық матрицасына аралған Нейман немесе Лиувилдің кванттық теңдеуін стационарлы гамильтониан жағдайында шешу арқылы жүйедегі оқиғалардан ақпараттар алу;
- оқиғалардың себептеріне Ли алгебрасы арқылы талдаулар жасау;
- тығыздық матрицасының уақытқа тәуелділігінен бақыланушылар тәуелділігіне ауысу арқылы бақыланушылардың Гейзенбергтік көріністегі динамикасын сипаттайтын және бақыланушылардың Ли алгебрасын өзгертпейтін унитарлы теңдеулерге қол жеткізу;
- ашық кванттық жүйелердің динамикасын Линдبلاد теңдеуін супер оператор жағдайында шешу;

- ашық кванттық әлемнен классикалық әлемге өтуді Блох шарының сығылуы арқылы түсіндіру;
- Лидің бір алгебрасынан екінші бір жаңа алгебраға көшу жағдайларын көрсету, Линдبلاد теңдеуі мен оның шешімін Гелл-Манн матрицасы үлгісінде жазу.
- ішкі алгебралардың базистері мен генераторларының арасындағы байланыстарды төрт өлшемді жағдайға сәйкестендіру.

### Әдіснама

Ли топтары мен алгебраларының физикадағы, математикадағы және химиядағы симметрияларды сипаттауын, талдауын зерттеу әдіснамасына жатқызуға болады. Осылармен бірге, атомдық және субатомдық деңгейдегі құбылыстарды модельдеу, импульс пен энергия секілді бақыланатын шамаларға қатысты есептеулерді жүргізу және еркіндік дәрежелерінің саны үлкен болып келген жүйелерге өрістің кванттық теориясын қолдану мәселелері де Ли топтары мен алгебраларының қолданылу әдіснамасына кіреді. Топтардың жалпы теориясы молекулалық құрылымдар мен кристалдық торлардың кластарын қарастырса, Ли топтары дифференциалдық теңдеулер мен көпқырлылықтарды және теориялық физикадағы заңдылықтарды басқарып отыратын симметрияларды сипаттау мақсатында қолданылады. Кванттық механикадағы алгебралық тәсілдер қатарына кванттық жүйелерді сипаттайтын гильберттік кеңістіктерге ұқсайтын алгебралық құрылымдарды жатқызуға болады. Кванттық механикада Ли топтары жүйенің эволюциясын сипаттайтын унитарлы (тұтас) түрлендірулер рөлін, ал Ли алгебралары бақыланатын физикалық шамалар мен олардың түрленуіне сәйкес келетін эрмиттік операторлар қызметін атқарады. Орбитадағы электрондардың жүйесі, электрондардың пайда болуы мен жойылуына қатысты операторлардың арасындағы коммутациялық қатынастыр Ли алгебрасының негізгі зерттеу нысандарына жатады [3]. Бұл жерде коммутаторлар классикалық механикадағы Пуассон жақшаларының кванттық үлгісі болып табылады. Ли алгебрасы мен Ли топтарының арасында  $\exp_{\text{Li}}(A)$  түрдегі экспоненттік байланыс бар, мұндағы  $A$ -Ли алгебрасының элементі (эрмиттік матрица), ал осы байланыстың нәтижесінде Ли тобының элементі (унитарлы матрица) пайда болады. Кванттық есептеулерде Ли топтары мен алгебралары кубиттердің күйлерін басқару үшін қолданылады. Ли алгебрасы унитарлы операторлар жиынын құрастыруға жағдай жасайды, ал олар өз кезегінде кванттық алгоритмдердің орындалуын іске асырады. Олай болса, Ли алгебраларын үздіксіз симметриясы бар кванттық жүйелерді зерттеуге қолданылатын математикалық аппарат деп және кванттық есептеулерде кванттық алгоритмдерді жасау, талдау құралы деп қабылдауға болады екен.

### Нәтижелер мен Талқылау

Саны жағынан өте көп құбылыстарды жан-жақты сипаттай алатын ең алғашқы іргелі физикалық теория – классикалық механика. Ал, кванттық механика болса осындай құбылыстардың өрісін кеңейтіп берді. Кванттық әлемді сипаттау тәсілдерінің барлығының да өзіндік ерекшелігі болғанымен, солардың ішінде тығыздық

матрицасының алатын орны бөлек десе болады. Оның элементі (құрамдас бөлігі) ретінде қандай да бір көп өлшемді нысанды қарастыруға болады. Мысалы, сфера арқылы Блох кубитінің күйлерін сипаттай алатын болсақ, онда классикалық әлем осы сфера ішіндегі  $z$  бағытта тартылған кесіндіге және тығыздық матрицасының диагоналды элементтеріне сәйкес келетін болады. Ал, сфераның барлық қалған бөлігі кванттық әлемге тиесілі. Матрицаның диагоналды емес элементтері арқылы сипатталатын әртүрлі күйлердің суперпозициялануы – кванттық теорияның өзіне ғана тән ерекшелік.

Физикада дүниеге келген жаңа теорияда ескі теория шекті жағдай ретінде отырады. Кванттық және классикалық механиканың математикалық аппараттарын байланыстыру үшін  $\hbar \rightarrow 0$  шартынан басқа Ли алгебралары арқылы сипатталатын шекті жағдайлар да бар. Тұйық жүйелер үшін шредингерлік көріністегі тығыздық матрицасы фон Нейман теңдеуі немесе кванттық жүйенің суперпозиция, коммутаттылық емес және т.с.с. қасиеттерін қасиеттерін толықтай сақтайтын Лиувилл теңдеуі арқылы анықталады:

$$\dot{\rho}(t) = \frac{i}{\hbar} [\rho(t), H] = L(t)\rho(t) \quad (1)$$

мұндағы  $L(t)$  – Лиувиллдің супероператоры [4]. Егер,  $H$  гамильтониан уақытқа тәуелді болмаса, онда (1)-дің шешімі

$$\rho(t) = Y(t)\rho(0)Y^*(t) = \Omega_t\rho(0) = \exp(Lt)\rho(0) \quad (2)$$

Бұл шешімде  $Y(t) = \exp\left(-\frac{i}{\hbar}Ht\right)$  және  $\Omega = \exp(Lt)$ . Тығыздық матрицасының уақытқа тәуелділігін бақыланушылар тәуелділігіне аудару арқылы бақыланушылардың Гейзенбергтік көріністегі динамикасына қол жеткізетін боламыз:

$$\dot{\Gamma}(t) = \frac{i}{\hbar} [H, \Gamma(t)] = L^*(t)\Gamma(t) \quad (3)$$

$$\Gamma(t) = Y^*(t)\Gamma(0)Y(t) = \Omega^*(t)\Gamma(0) = \exp(L^*t)\Gamma(0) \quad (4)$$

Осы жазылған унитарлық (тұтас) теңдеулер бақыланушылардың Ли алгебрасының түр-сипатын өзгертпейді.

Қоршаған ортамен әлсіз әсерлесулерге түсетін ашық кванттық жүйелердің динамикасы Лиувилл теңдеуінен алынатын төмендегі Линдблад теңдеуімен көрсетіледі:

$$\dot{\rho} = \frac{i}{\hbar} [\rho, H] + \sum_k v_k \left\{ V_k \rho V_k^* - \frac{1}{2} (V_k V_k^* \rho + \rho V_k V_k^*) \right\} = L(t)\rho(t) \quad (5)$$

Байқап отырғанымыздай, (5) – теңдеу (1) – теңдеудің оң жағына (ашық жүйелердің динамикасының тұтастылығына сәйкес келетін бөлігіне) механиканың шашыраңқылығына жауап беретін мүшелерді қосу арқылы алынған. Теңдеудегі  $V_k$  – Линдблад операторлары болғандықтан,  $L$  – Линдбладтың супер операторлары деп аталатын болады,  $v_k$  – жүйедегі әртүрлі әлсіреулерге сәйкес келетін релаксациялар

жылдамдығы.  $L$ -дің стационарлы (уақытқа тәуелсіз) жағдайына сәйкес келетін (5)-теңдеудің шешімін (2)-секілді кейіпте жазуға болады:

$$\rho(t) = \Omega_t \rho(0) = \exp(Lt) \rho(0) \quad (6)$$

Қоршаған ортамен әсерлесулер кванттық қасиеттердің жойылуына жеткізеді де ашық жүйеде классикалық заңдылықтар орын ала бастайды. Бұл жағдай тығыздық матрицасындағы диагоналды емес элементтердің нөлге айналуына және бақыланушылар алгебрасына қосымша абельді ішкі алгебралардың қосылуына себеп болады. Осы келтірілген тұжырымдарға мысал келтіру арқылы түсініктеме жасап өтейік: (1)-теңдеу екі деңгейлі жүйенің бастапқы күйлерін айналдыра отырып, оның  $z$  осыне (классикалық әлемге) жақындап кетпеуін қадағалап отырады [5, 6]; ал (5)-теңдеу болса бастапқы кванттық күйлерді  $z$  осыне барынша жақындата отырып, оны классикалық күйге айналдырады. Олай болса, Лидбладтың (5) және (6) түрлердегі теңдеулері арқылы сипатталатын ашық кванттық жүйелердің динамикасы кванттық әлемді (Блох шары) классикалық жағдайға ( $z$  осындағы кесіндіге) дейін сығады (контракция). Ли алгебраларының (топтарының) кеңістіктік контракциясы да топтың құрылымдық тұрақтыларының сығылуы түрінде байқалады, бұл жағдай коммутаторлардың нөлденуіне әкеліп соғады. Олай болса, қоршаған ортамен әсерлесетін кванттық әлемнен классикалық әлемге өту мүмкіндігін контракция тілінде түсіндіруге болады екен.

Гейзенбергтік бейнеде  $A$  бақыланушылар үшін Линдблад теңдеуі мына түрде жазылады:

$$\dot{A} = \frac{i}{\hbar} [H, A] + \sum_k v_k \left\{ V_k^* A V_k - \frac{1}{2} (V_k^* V_k, A) \right\} = L^*(t) A(t) \quad (7)$$

$$A(t) = \Omega_t^*(A) = \exp(L^* t) A(0) \quad (8)$$

(8)-ге сәйкес келетін коммутациялық қатынастардың уақыт бойынша өзгерістері төмендегідей:

$$[A_i, A_j]_t \equiv (\Omega_t^*)^{-1} [\Omega_t^*(A_i), \Omega_t^*(A_j)] \equiv C_{ij}^k(t) A_k \quad (9)$$

Бастапқы алгебра жаңаланатын  $t \rightarrow \infty$  шартында бастапқы Ли алгебрасының контракциясы деп аталатын төмендегі өрнек шығады:

$$[A_i, A_j]_\infty \equiv \lim_{t \rightarrow \infty} [A_i, A_j]_t = C_{ij}^k(\infty) A_k \quad (10)$$

$g$  белгілеуіндегі Ли алгебра құрамынан  $g_0$  құрылымдық алгебрасын бөліп алайық, ал құрылымдағы қалған генераторлар  $g_1$  ішкі жиынын құрайтын болсын. Жалпы сипаттағы коммутациялық қатынастарды мына түрде көрсетуге болады [7–9]:

$$[g_0, g_0] = g_0, \quad [g_0, g_1] = g_0 + g_1, \quad [g_1, g_1] = g_0 + g_1 \quad (11)$$

$g_1$ -гі барлық генераторларды  $\theta$ -ға көбейтейік:

$$[g_0, g_0]_\theta = g_0, [g_0, g_1]_\theta = \theta g_0 + g_1, [g_1, g_1]_\theta = \theta^2 g_0 + \theta g_1 \quad (12)$$

$\theta \rightarrow 0$  шартында жаңа Ли алгебрасына өтеміз, оған сәйкес келетін коммутациялық қатынастар төмендегідей кейіпті қабылдайды:

$$[g_0, g_0]_0 \in g_0, [g_0, g_1]_0 = \in g_1, [g_1, g_1]_0 = 0 \quad (13)$$

Лидің  $su(3)$  алгебрасындағы генераторлардың диагоналды түрлендірулерін Гелл-Манн матрицасы үлгісінде беруге болады:

$$\tilde{\delta} = M_\theta \delta \quad (14)$$

Мұндағы  $\delta = (\delta_1, \delta_2, \dots, \delta_s)^\rho$ ,  $\delta_i$ -Гелл-Манн матрицалары,  $M_\theta$ -диагоналдарында  $\theta_i$  параметрлері ғана тұратын диагоналдық матрица. Үш деңгейлі жүйелер (кутрит) мен Лидің  $su(3)$  алгебрасын қолдана отырып Линдблад теңдеуінің шешімдерін Гелл-Манн матрицасы кейіпіне келтіруге болады. Бұл жерде  $g_1$  жиынындағы бақыланушылар өздерінің кванттық қасиеттерін жойып, абельдік ішкі алгебра құрайтын болады. Ал,  $g_0$  құрылымындағы бақыланушылар болса сыртқы әсерге төзімділік қасиет көрсете отырып өзгеріссіз қала береді.  $su(3)$ -тен бір өлшемді  $g_0$  алгебраны таңдап алу кезінде осы алгебраға кіретін тығыздық матрицасы тек стационар күйлерге ғана қатысты болады. Лиувилдің супер операторының  $(L, L^*)$  меншікті мәндерінде ( $\ell$ ) релаксация жылдамдықтары, диссипатция процестері және декогеренттілік туралы мәліметтер болғандықтан, олар жүйенің ең маңызды физикалық қасиеттерін анықтап бере алады [10, 11]. (5) және (7) түрлердегі Линдблад теңдеулерін (13)-контракциясында жазу үшін  $g_0$  ретінде базисі  $\lambda_3, \lambda_8, \lambda_6, \lambda_7$  түрдегі 4 өлшемді  $g_0 = E(1) + su(2)$  ішкі алгебраны аламыз, ал  $g_1$ -гі генераторлар рөлін  $\lambda_1, \lambda_2, \lambda_4, \lambda_5$  Гелл-Манн матрицалары атқарады.  $M_\theta$  контракциясының түрленуі төмендегідей түрде орындалады:

$$M_\theta g = g_0 + \theta g_1 = \begin{vmatrix} a_{11} & 0 & 0 \\ 0 & a_{22} & a_{23} \\ 0 & a_{23}^* & a_{33} \end{vmatrix} + \theta \begin{vmatrix} 0 & a_{12} & a_{13} \\ a_{12}^* & 0 & 0 \\ a_{13}^* & 0 & 0 \end{vmatrix} \quad (15)$$

Нәтижеде, осы түрлендіруге сәйкес келетін тығыздық матрицасына арналған Линдблад теңдеуі мен оның шешімі мынадай болады [12]:

$$\dot{\rho} = -v \begin{vmatrix} 0 & \rho_{12} & \rho_{13} \\ \rho_{21} & 0 & 0 \\ \rho_{31} & 0 & 0 \end{vmatrix}, \quad \rho(t) = \begin{vmatrix} \rho_{11}(0) & e^{-vt} \rho_{12}(0) & e^{-vt} \rho_{13}(0) \\ e^{-vt} \rho_{21}(0) & \rho_{22}(0) & \rho_{23}(0) \\ e^{-vt} \rho_{31}(0) & \rho_{32}(0) & \rho_{33}(0) \end{vmatrix} \quad (16)$$

Уақыттың үлкен мәндерінде тығыздық матрицасы сыртқы әсерлерге төзімді

$$g_0 = E(1) + su(2) \quad (17)$$

аймаққа дейін сығыла алады.

## Қорытынды

Мақалада көтерілген мәселелер, олардың шешілу әдістері және алынған нәтижелер ұсынылып отырған тақырыптың өзектілігін айғақтайды. Тақырып аясында авторлар ұжымы орындалған ауқымды математикалық есептеулерді соңғы уақыттағы заманауи зерттеулермен ұштастыру арқылы кванттық ашық жүйелердің динамикасын дамытуға өздерінің де үлестерін қоса білді деген сенімдеміз. Ли топтары мен алгебраларын кванттық жүйеге қолдану арқылы ондағы бірқатар симметриялық қасиеттерді жан-жақты түсіндіруге болатындығы дәлелденді. Осы бағытта мынадай нақтылы нәтижелерге қол жеткізілді: жүйелердегі симметриялар, операторлар және олардың өзара коммутацияларды Ли топтары мен алгебралары арқылы зерттелді; тығыздық матрицасына аралған Нейман, Лиувилдің теңдеулері стационар жағдайлар үшін шешіліп, сол арқылы жүйедегі процестерден мәліметтер алынды; тығыздық матрицасының уақытқа тәуелділігінен бақыланушылар тәуелділігіне өту арқылы Гейзенбергтік көріністегі унитарлы теңдеулер шығарылып көрсетілді; ашық кванттық жүйелердің динамикасы Линдблад теңдеуі арқылы зерттелді; кванттық әлемнен классикалық ортаға өту жағдайлары Блох шарының сығылуы арқылы қарастырылды; Ли алгебралары арасындағы байланыстардың механизмдері зерделеніп, Линдблад теңдеуі мен оның шешімін Гелл-Манн матрицасы үлгісіне келтіру іске асырылды; ішкі алгебралардың базистері мен генераторларының арасындағы байланыстар төрт өлшемді жағдайға негізінде жасалды. Алынған осы теориялық нәтижелерді алгебраға негізделген алгоритмдік әдістерде, кванттық технологиялар мен есептеулерде, көп кубитті кванттық жүйелерде қолдануға болады. Ең бастысы, бұл нәтижелер ашық кванттық жүйелер динамикасын зерттеу модельдерін жасау кезінде өзіндік септігін тигізе алады.

## Авторлардың қосқан үлесі.

Т.Б. Қоштыбаев – кванттық жүйелердің күйлеріне, үзіліссіздік пен симметриялылық қасиеттеріне тығыздық матрицасы арқылы сипаттау мәселесін қойып, оның шешілу жолдарын ұсынушы. Тығыздық матрицасына аралған Нейман немесе Лиувилдің кванттық теңдеуін стационар гамильтониан үшін шешті, сол арқылы жүйедегі барлық оқиғалардың себептеріне Ли алгебрасы арқылы талдаулар жасады. Тығыздық матрицасының уақытқа тәуелділігінен бақыланушылар тәуелділігіне өту арқылы бақыланушылардың Гейзенбергтік көріністегі динамикасын сипаттайтын және бақыланушылардың Ли алгебрасын өзгертпейтін унитарлы теңдеулерін алуға атсалысты. Ілеспе хатты әзірлеп, редакцияға жолдауды іске асыруға басшылық жасаған.

А.К. Ершина – тығыздық матрицасының уақытқа тәуелділігінен бақыланушылар тәуелділігіне өту арқылы бақыланушылардың Гейзенбергтік көріністегі динамикасын сипаттайтын, әрі бақыланушылардың Ли алгебрасын өзгертпейтін унитарлы теңдеулерді алуға арналған есептеулерді орындады. Қоршаған ортамен әлсіз әсерлесетін ашық кванттық жүйелердің динамикасы Линдблад теңдеуін стационарлы супер оператор үшін шешті. Әдебиеттерді іріктеу жұмыстарына басшылық жасаушы. Операторлардың коммутацияларын Ли топтары мен алгебралары арқылы жүзеге асыруды орындаған.

А.М. Татенов – қоршаған ортамен әлсіз әсерлесетін ашық кванттық жүйелердің динамикасы Линдبلاد теңдеуін стационарлы супер оператор үшін шешуге атсалысты. Әдебиеттерді іріктеуге көмектесті. Мәтіндегі математикалық өрнектерді тексерді.

А.Т. Жавлиева – қоршаған ортамен әлсіз әсерлесетін ашық кванттық жүйелердің динамикасы Линдبلاد теңдеуін стационарлы супер оператор үшін шешуге атсалысты, шешімнің шарттарын тексерді. Әдебиеттерді іріктеу жұмыстарына басшылық жасаушы. Операторлардың коммутацияларын Ли топтары мен алгебралары арқылы жүзеге асыруды орындаған.

М.Е. Алиева – есептеулер кезіндегі ішкі алгебралардың базистері мен генераторларының арасындағы байланыстар төрт өлшемді жағдайға сәйкестендірді. Уақыт айнымалысының үлкен мәндері үшін тығыздық матрицасының сығыла алатын аймағының математикалық нұсқасын анықтауға атсалысты. Мақаланың талапқа сай рәсімделуін орындап, аңдатпаның орыс және ағылшын мәтіндерін жазды, әдебиеттер тізімінің ағылшын нұсқасын жасады және мақаланы сайт арқылы редакцияға жолдады.

### Әдебиеттер тізімі

1. С.Н. Торгаев, И.Д. Шульга, Е.А. Юрченко, М.Л. Громов, Основы квантовых вычислений (СТТ, Томск, 2020), с. 100.
2. Е.В. Мещерина, А.Н. Благовисная, О.А. Пихтилькова, Развитие теории алгебры Ли, Вестник Омского университета, №1, с.4-11 (2022). [https://www.doi.org/%2010.24147/1812-3996.2022.27\(1\).4-11](https://www.doi.org/%2010.24147/1812-3996.2022.27(1).4-11)
3. Э.В. Киссин, В.С. Шульман, О представлениях групп и алгебр в пространствах с индефинитной метрикой, Contemporary Mathematics. Fundamental Directions, №2, с.295-315 (2021). <https://doi.org/10.22363/2413-3639-2021-67-2-295-315>
4. В.В. Варламов, Алгебраическая квантовая механика, Математические структуры и моделирование, №2, с.4-23 (2020). <https://doi.org/10.24147/2222-8772.2020.2.4-23>
5. В.В. Варламов, Алгебраическая квантовая механика, Математические структуры и моделирование, №3, с.4-24 (2021). <https://doi.org/10.24147/2222-8772.2021.3.4-24>
6. В.В. Горбачевич, Основы теории Ли для E-структур и некоторые ее применения, Известия РАН. Серия Математика, №2, с.34-61 (2022). <https://doi.org/10.4213/im9115>
7. А.А. Premet, D.I. Stewart, Classification of the maximal subalgebras of exceptional Lie algebras over fields of good characteristic, Journal of the American Mathematical Society 32 (4), p.965-1008 (2019). <https://doi.org/10.1090/jams/926>
8. А.В. Сюракшин, В.Д. Лахно, В.Ю. Юшанхай, Компьютерное моделирование переноса заряда в молекуле ДНК в рамках простой модели открытой квантовой системы, Математическая биология и биоинформатика, № 19, с.212-231 (2024). <https://doi.org/10.17537/2024.19.212>
9. T. Yoneya, K. Fujimoto, Y. Kawaguchi, Path-integral formulation of truncated Wigner approximation for bosonic Markovian open quantum systems, Annals of Physics 479, No 170072 (2025). <https://doi.org/10.1016/j.aop.2025.170072>
10. H. Triviño, F. Mesa, V.A. Ballesteros, Quantification of memory effects in topological two-band open quantum systems, Heliyon 22(10), No e40552 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e40552>

11. J. Polonyi, Action for classical, quantum, closed and open systems, Annals of Physics 467, No 169694 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.aop.2024.169694>

12. E.V. Karachanskaya, Programmed control with probability 1 for stochastic dynamical systems, Journal of Mathematical Sciences 248 (1), p.67-79 (2020). <https://doi.org/10.1007/s10958-020-04856-4>

**Т.Б. Коштыбаев<sup>1</sup>, А.К. Ершина<sup>1\*</sup>, А.М. Татенов<sup>1</sup>,  
А.Т. Жавлиева<sup>1</sup>, М.Е. Алиева<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> *Казахский национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казахстан*

<sup>2</sup> *Казахский национальный педагогический университет имени Абая,  
Алматы, Казахстан*

*(E-mail: koshtybayev70@mail.ru, 50ershina@gmail.com, a.tatenov1@gmail.com,  
zhavliyeva.11@gmail.com, moldir-2008@mail.ru)*

### **Исследование динамики открытых квантовых систем с использованием групп и алгебр Ли**

**Аннотация.** В статье предложены подходы описания состояний квантовых систем, свойств непрерывности и симметрии через матрицу плотности, а также исследование симметрий в системах, операторов и их коммутаторов с помощью групп и алгебр Ли. В частности, с помощью решений уравнения Неймана или квантового уравнения Лиувилля для случая стационарного гамильтониана, была получена информация обо всех процессах, происходящих в системе, а также с помощью алгебры Ли были проанализированы причины этих процессов. Переходя от временных зависимостей к зависимостям наблюдаемых были получены унитарные уравнения, описывающие динамику в гейзенберговском представлении, не изменяющие алгебру Ли. Динамика открытых квантовых систем, слабо взаимодействующих с окружающей средой, описаны с помощью решений уравнения Линдблада для стационарного супероператора. Переход от квантового мира, взаимодействующего с окружающей средой, к классическому миру осуществлен через условия сжатия шара Блоха. Были установлены условия переходов от одной алгебры к новой алгебре. Уравнение Линдблада и его решение записаны в образце матрицы Гелл-Манна. Во время расчетов связи между базисами внутренних алгебр и генераторами были приведены к четырехмерному случаю. Для больших значений временной переменной показана математическая формулировка области сжимаемости матрицы плотности.

**Ключевые слова:** алгебра, группы, квантовая открытая система, матрица плотности, операторы, симметрия, непрерывность, состояния.

**T.B. Koshtybayev<sup>1</sup>, A.K. Yershina<sup>1\*</sup>, A.M. Tatenov<sup>1</sup>, A.T. Zhavliyeva<sup>1</sup>, M.E. Aliyeva<sup>2</sup>**

<sup>1</sup> *Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

<sup>2</sup> *Abai Kazakh National Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

*(E-mail: koshtybayev70@mail.ru, 50ershina@gmail.com, a.tatenov1@gmail.com, zhavliyeva.11@gmail.com, moldir-2008@mail.ru)*

### **Study of the dynamics of open quantum systems using Lie groups and algebras**

**Abstract.** The paper proposes approaches to the description of quantum system states and to the properties of continuity and symmetry through the density matrix, and explores symmetries in systems, operators, and their commutators using Lie groups and Lie algebras. Specifically, by solving the Neumann equation (or quantum Liouville equation) for a stationary Hamiltonian, information was obtained from all processes occurring in the system, and the underlying causes of these processes were analysed through Lie algebra. By considering the transition from temporal dependencies to the dependence of observables, unitary equations were obtained that describe the dynamics of observables in the Heisenberg representation while preserving the structure of the Lie algebra. The dynamics of open quantum systems weakly interacting with the environment are described through solutions of the Lindblad equation for a stationary superoperator. The quantum-to-classical transition, for a system interacting with its environment, was demonstrated under the condition of Bloch sphere contraction. The conditions for transitions from one algebra to another and for the formation of new algebras were established. The Lindblad equation and its solution were expressed in the Gell-Mann matrix representation. In the course of the calculations, the relations between the bases of internal algebras and generators were reduced to the four-dimensional case. For large values of the time variable, a mathematical formulation of the density matrix contractivity was presented.

**Keywords:** algebra, groups, open quantum system, density matrix, operators, symmetry, continuity, states.

#### **References**

1. Torgaev S.N., Shul'ga I.D., Jurchenko E.A., Gromov M.L. Osnovy kvantovyh vychislenij [Fundamentals of Quantum Computing] (Tomsk, STT, 2020, 100 p.). [in Russian]
2. Meshherina E.V., Blagovisnaja A.N., Pihitil'kova O.A. Razvitie teorii algebrы Li [Development of the Theory of Lie Algebras], Vestnik Omskogo universiteta [Bulletin of Omsk University], 1(27), 4-11 (2022). [https://doi.org/10.24147/1812-3996.2022.27\(1\).4-11](https://doi.org/10.24147/1812-3996.2022.27(1).4-11). [in Russian]
3. Kissin Je.V., Shul'man V.S. O predstavlenijah grupp i algebr v prostranstvah s indefinitnoj metrikoj [On Representations of Groups and Algebras in Spaces with an Indefinite Metric], Contemporary Mathematics. Fundamental Directions, 2(67), 295-315 (2021). <https://doi.org/10.22363/2413-3639-2021-67-2-295-315> [in Russian]
4. Varlamov V.V. Algebraicheskaia kvantovaja mehanika [Algebraic Quantum Mechanics], Matematicheskie struktury i modelirovanie [Mathematical Structures and Modeling], 2(54), 4-23 (2020). <https://doi.org/10.24147/2222-8772.2020.2.4-23> [in Russian]

5. Varlamov V.V. Algebraicheskaia kvantovaja mehanika [Algebraic Quantum Mechanics], Matematicheskie struktury i modelirovanie [Mathematical Structures and Modeling], 3 (59), 4-24 (2021). <https://doi.org/10.24147/2222-8772.2021.3.4-24> [in Russian]
6. Gorbacevich V.V. Osnovy teorii Li dlja E-struktur i nekotorye ee primenenija [Fundamentals of Lie Theory for E-Structures and Some of Its Applications], Izvestija RAN. Serija Matematika [Izvestiya of the Russian Academy of Sciences. Mathematics Series], 2(86), 34-61 (2022). <https://doi.org/10.4213/im9115> [in Russian]
7. Premet A.A., Stewart D.I. Classification of the maximal subalgebras of exceptional Lie algebras over fields of good characteristic, Journal of the American Mathematical Society, 32 (4), 965-1008 (2019). <https://doi.org/10.1090/jams/926>
8. Sjurakshin A.V., Lahno V.D., Jushanhaj V.Ju. Komp'yuternoe modelirovanie perenosa zarjada v molekule DNK v ramkah prostoj modeli otkrytoj kvantovoj sistemy [Computer simulation of charge transfer in a DNA molecule within a simple model of an open quantum system], Matematicheskaja biologija i bioinformatika [Mathematical Biology and Bioinformatics], 19(1), 212-231 (2024). <https://doi.org/10.17537/2024.19.212> [in Russian]
9. Toma Yoneya, Kazuya Fujimoto, Yuki Kawaguchi, Path-integral formulation of truncated Wigner approximation for bosonic Markovian open quantum systems, Annals of Physics, 479, No 170072 (2025). <https://doi.org/10.1016/j.aop.2025.170072>
10. Triviño H., Mesa F., Ballesteros V.A. Quantification of memory effects in topological two-band open quantum systems, Heliyon, 22 (10), No e40552 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.heliyon.2024.e40552>
11. Janos Polonyi. Action for classical, quantum, closed and open systems, Annals of Physics, 467, No 169694 (2024). <https://doi.org/10.1016/j.aop.2024.169694>
12. Karachanskaya E.V. Programmed control with probability 1 for stochastic dynamical systems, Journal of Mathematical Sciences (United States), 248 (1), 67-79 (2020). <https://doi.org/10.1007/s10958-020-04856-4>

#### Авторлар туралы мәлімет

**Қоштыбаев Т.Б.** – физика–математика ғылымдарының кандидаты, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті физика кафедрасының доценті, Әйтеке би көшесі, 99, 050000, Алматы, Қазақстан

**Ершина А.К.** – хат–хабар авторы, физика–математика ғылымдарының докторы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті физика кафедрасының профессоры, Әйтеке би көшесі, 99, 050000, Алматы, Қазақстан

22. S. L. Dudarev, G. A. Botton, S. Y. Savrasov et al., Electron-energy-loss spectra and the structural stability of nickel oxide: An LSDA+U study, *Phys. Rev. B* 57, p. 1505–1509 (1998).
23. Y. Y. Huang, Y. L. Yang, L. Y. Zhang, V. Laletin, V. Shur, R. Y. Jing, and L. Jin, Optical and structural properties of BaTiO<sub>3</sub>-based compounds, *J. Alloys Compd.* 1006, 1006 (2024).
24. M. K. Mahata, T. Koppe, K. Kumar, H. Hofsäss, and U. Vetter, Defect-induced luminescence in perovskite oxides, *Sci. Rep.* 10, 8775 (2020).
25. J. Hao, Y. Zhang, and X. Wei, A lead-free ferroelectric material with large polarization, *Angew. Chem. Int. Ed.* 50, p. 6876–6880 (2011).
26. X. Tian, Z. Wu, Y. Jia, J. Chen, R. K. Zheng, Y. Zhang, and H. Luo, Optical modulation in ferroelectric thin films, *Appl. Phys. Lett.* 102, 042907 (2013).
27. H. Sun, X. Wu, D. F. Peng, and K. W. Kwok, Enhanced dielectric and optical properties in modified BaTiO<sub>3</sub>, *ACS Appl. Mater. Interfaces* 9, p. 34042–34049 (2017).
28. Y. Zhou, R. Xiong, P. Wang, X. Wu, B. Sa, C. Lin, M. Gao, T. Lin, and C. Zhao, First-principles study of defect states in BaTiO<sub>3</sub>, *J. Mater. Chem.* 8, p. 586–595 (2022).
29. E. Orhan, J. A. Varela, A. Zenatti, M. F. C. Gurgel, F. M. Pontes, E. R. Leite, E. Longo, P. S. Pizani, A. Beltrán, and J. Andrés, Electronic structure and optical absorption of BaTiO<sub>3</sub>, *Phys. Rev. B* 71, 085113 (2005).
30. T. Watanabe, D. Hoshi, M. Ishida, and T. Ohba, Surface adsorption phenomena on oxide materials, *Langmuir* 34, p. 10250–10253 (2018).
31. M.-S. Zhang, Z. Yin, Q. Chen, W. Zhang, and W. Chen, Study of optical properties of BaTiO<sub>3</sub> nanopowders, *Solid State Commun.* 119, p. 659–663 (2001).
32. G. Kresse and D. Joubert, From ultrasoft pseudopotentials to the projector augmented-wave method, *Phys. Rev. B* 59, p. 1758–1775 (1999).
33. G. Kresse and J. Furthmüller, Efficient iterative schemes for ab initio total-energy calculations using a plane-wave basis set, *Phys. Rev. B* 54, p. 11169–11186 (1996).
34. J. Heyd, G. E. Scuseria, and M. Ernzerhof, Hybrid functionals based on a screened Coulomb potential, *J. Chem. Phys.* 118, p. 8207–8215 (2003).
35. J. P. Perdew, K. Burke, and M. Ernzerhof, Generalized gradient approximation made simple, *Phys. Rev. Lett.* 77, p. 3865–3868 (1996).
36. S. L. Dudarev, G. A. Botton, S. Y. Savrasov, C. J. Humphreys, and A. P. Sutton, Electron correlations in transition-metal oxides, *Phys. Rev. B* 57, p. 1505–1509 (1998).
37. F. Maldonado, S. Jácome, and A. Stashans, First-principles study of electronic and optical properties of perovskites, *Comput. Condens. Matter* 13, p. 49–54 (2017).
38. P. E. Blöchl, Projector augmented-wave method, *Phys. Rev. B* 50, p. 17953–17979 (1994).
39. S. Nosé, A unified formulation of the constant temperature molecular dynamics methods, *J. Chem. Phys.* 81, p. 511–519 (1984).
40. A. Jain, S. P. Ong, G. Hautier, W. Chen, W. D. Richards, S. Dacek, S. Cholia, D. Gunter, D. Skinner, G. Ceder, and K. A. Persson, Commentary: The Materials Project: A materials genome approach to accelerating materials innovation, *APL Mater.* 1, 011002 (2013).

#### **Сведения об авторах:**

**Толеген УЖ.** – докторант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 13, Астана, Казахстан.

**Абуова Ф.У.** – PhD, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 13, Астана, Казахстан.

**Каптагай Г.А.** – PhD, доцент, Казахский национальный женский педагогический университет, ул. Гоголя, 114, Алматы, Казахстан

**Закиева Ж.Е.** – PhD, Международный университет Астана, Астана, Казахстан.

**Усен Е.Б.** – магистрант, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 13, Астана, Казахстан.

**Абуова А.У.** – автор для корреспонденции, PhD, доцент, Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, ул. Кажымукана, 13, Астана, Казахстан.

**Кырыкбаева А.А.** – Казахский национальный педагогический университет имени Абая, ул. Достык 13, Алматы, Казахстан

**Толеген УЖ.** – докторант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 13, Астана, Қазақстан.

**Абуова Ф.У.** – PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 13, Астана, Қазақстан.

**Каптагай Г.А.** – PhD, доцент, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Гоголь көшесі, 114, Алматы, Қазақстан.

**Закиева Ж.Е.** – PhD, Астана халықаралық университеті, Астана, Қазақстан.

**Усен Е.Б.** – магистрант, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 13, Астана, Қазақстан.

**Абуова А.У.** – хат-хабар авторы, PhD, доцент, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Қажымұқан көшесі, 13, Астана, Қазақстан.

**Кырыкбаева А.А.** – Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті, Достық көшесі, 13, Алматы, Қазақстан.

**Tolegen U.Zh.** – doctoral student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan Street, Astana, Kazakhstan.

**Abuova F.U.** – PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan Street, Astana, Kazakhstan.

**Kaptagay G.A.** – PhD, Associate Professor, Kazakh National Women’s Teacher Training University, 114 Gogol Street, Almaty, Kazakhstan.

**Zakiyeva Zh. Ye.** – PhD, Astana International University, Astana, Kazakhstan.

**Usen E.B.** – master’s student, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan Street, Astana, Kazakhstan.

**Abuova A.U.** – the corresponding author, PhD, Associate Professor, L.N. Gumilyov Eurasian National University, 13 Kazhymukan Street, Astana, Kazakhstan.

**Kyrykbaeva A.A.** – Abai Kazakh National Pedagogical University, 13 Dostyk Street, Almaty, Kazakhstan.



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).



ХҒТАР 29.05.15

<https://doi.org/10.32523/2616-6836-2025-154-1-199-211>

Ғылыми мақала

## Қозғалыс және өріс теңдеулерін энергияның сақталу заңынан шығарып алу туралы

Г. Әлімбекова<sup>✉</sup>, С.М. Кенесбаев<sup>✉</sup>, Г.Т. Тугелбаева\*<sup>✉</sup>,  
Э.О. Құткелдиева<sup>✉</sup>, Ә.М. Сандыбаева<sup>✉</sup>, Д.А. Оңдақанов<sup>✉</sup>

Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Алматы, Қазақстан

(E-mail: [alimbek50@mail.ru](mailto:alimbek50@mail.ru), [kenesbaev-sm@mail.ru](mailto:kenesbaev-sm@mail.ru), [tugelbaevagul5@gmail.com](mailto:tugelbaevagul5@gmail.com), [elzira.kutkeldieva@gmail.com](mailto:elzira.kutkeldieva@gmail.com), [adema.sandybaeva@bk.ru](mailto:adema.sandybaeva@bk.ru), [dastan\\_vko99@mail.ru](mailto:dastan_vko99@mail.ru))

**Аңдатпа.** Аналитикалық механикадағы өзімізге белгілі қозғалыс теңдеулері мен электромагниттік өрістер теориясындағы теңдеулер Лагранж функциясына ең аз принципін қолдану арқылы шығарылып алынған. Ал, ұсынылып отырған мақалада Гамильтон және Лагранж теңдеулерін вариациялық принциптерді қолданбай-ақ алуға болатындығы көрсетілген, яғни жұмыстың мақсаты – қозғалыс және өріс теңдеулерін энергияның сақталу заңынан вариациялық принциптерді қолданбай шығару. Жүйенің энергиясын жалпылама координаталар мен жылдамдықтардың функциясы деп алып жалпылама импульстерді анықтайтын теңдеулер қорытылып шығарылды және де жүйенің кез-келген еркіндік дәрежелерінің өзгерістері кезінде энергияның сақталатындығы дәлелденді. Осы жағдайларды пайдалана отырып толыққанды анықталмаған гамильтонианы бар Гамильтон теңдеулері де шығарылып алынғандығын айта кету керек. Импульстердің координаталар мен жылдамдықтарға тәуелділіктерін сипаттайтын қатынастарды табу үшін алдымен жүйенің энергиясына белгілі шама ретінде қарап, осы арқылы Лагранж функциясы табуға болатындығы да көрсетілді. Осы алынған нәтижелердің барлығы да еркіндік дәрежелері бір-біріне мейлінше тәуелсіз болатын фазалық кеңістік үшін орындалатындығын айтып өту қажет. Аналитикалық механика үшін қолданылған осы тәсілдер электродинамикадағы өрістер теориясының теңдеулерін алу үшін де сәтті қолданылды. Дәлірек айтқанда, электромагниттік өрістегі зарядталған бөлшектің энергиясы векторлық өріс потенциалының қолайлы мәндері үшін анықталды. Қолайлы мәндер ретінде бойлық электр өрісі мен бөлшек тұрған жерлерге сәйкес келетін векторлық потенциалдар қарастырылды.

**Түйін сөздер:** қозғалыс теңдеулері, электромагниттік өріс теңдеулері, Гамильтон және Лагранж функциялары, жалпылама координаталар, импульстер және жылдамдықтар, энергияның сақталуы, дербес туындылы теңдеу

## Кіріспе

Жарық жылдамдығымен салыстырғанда өте аз жылдамдықтармен қозғалатын денелер механикасының физикалық негіздерін түсіну үшін Ньютон, Лагранж және Гамильтон ұсынған теориялық зерттеу тәсілдерін білу жеткілікті. Бұл көзқарастар математикалық аппарат тұрғысынан алғанда аса күрделі есептеулерден тұрғанымен, олардың нәтижелері мәселені түбегейлі, әрі талассыз шешіп бере алады. Сондықтан да, олар теориялық (аналитикалық) механиканың негізгі діңгегі болып табылады. Лагранждық механика  $N$  материалдық нүктеден құрылған механикалық жүйенің қозғалысын үш өлшемді евклидтік кеңістікте қарастыруға арналған. Жүйедегі барлық оқиғалар Лагранж функциясы арқылы сипатталып, уақыт пен кеңістіктің қасиеттерінен жалпылама сақталу заңдары (қозғалыс интегралдары) шығады. Бұл тәсіл әсіресе дененің мардымсыз тербелістері мен қатты дененің динамикасын зерттеуге өте ыңғайлы.

Ал, Гамильтондық механика болса  $6N$  өлшемді фазалық кеңістікке геометрияны, Пуанкаренің интегралдық инварианттары мен Гамильтон функциясын қолдана отырып бөлшектердің координаталары мен импульстерінің өзара байланыстарын сипаттай алады. Лагранждық механикасына Гамильтондық механиканың дербес жағдайы ретінде қарау қажет, яғни Лагранж функциясына Лежандр түрлендірулерін қолдану арқылы Гамильтон функциясын алуға болады. Гамильтондық механика эргодикалық теория, статистикалық механика, оптика және кванттық механика секілді математикалық физиканың салаларымен тығыз байланысты. Қарастырылып отырған осы екі тәсілдің зерттеу нысандары соншалықты ауқымы болуына қарамастан оларды жарық жылдамдығына жуық жылдамдықтармен қозғалатын денелерге қолдануға болмайды. Себебі, салыстырмалылық теориясында бөлшектер жүйесінің потенциалдық энергиясы деген ұғым жоқ. Потенциалдық энергия әсерлесуші денелердің орналасу жағдайларына ғана тәуелді болғандықтан, ол өте аз жылдамдықтарға арналған алыстан әсерлесу теориясында ғана жүзеге асатын ұғым.

Электродинамикадағы Максвелл теңдеулері классикалық механикадағы Ньютон заңдары немесе салыстырмалылық теориясындағы Эйнштейн постулаттары іспетті, яғни олар кез-келген электромагниттік өрістерді, белгілі бір ортадағы токтар мен электрлік зарядтарды байланыстыра сипаттайтын интегралдық және дифференциалдық түрдегі теңдеулер жүйесі болып табылады. Максвеллден бұрын өмір сүрген Эрстед, Ампер және Фарадей секілді ғұлама ғалымдарды электродинамиканың негізін қалаушылар ретінде білеміз, олар тәжірибелер арқылы индукциялық тоқты, магниттік күш сызықтарын, өздік индукция құбылысын және т.с.с. ашып электродинамиканың негізгі заңдылықтарын тағайындап берді. Алайда, физиканың осы бөліміндегі ең көрнекті жетістік-өріс ұғымының енуі екендігі даусыз. Мәселе электр мен магниттің бүкіл кеңістікке жайыла енуі жөнінде болып отыр, яғни Максвеллдің тұжырымы бойынша электр және магнит өрістері токтар пен зарядтар жоқ жерлерде (кеңістікте) де байқала береді, олар кеңістіктің нүктесі мен уақытқа тәуелді. Максвелл жүргізілген барлық тәжірибелердің нәтижелерін ескере отырып екі өріс бағынатын теңдеулер жүйесін жаса-

ды. Бұл жүйе кеңістіктің әрбір нүктесінде бір-біріне перпендикуляр бағыттала отырып бірдей жиіліктегі гармоникалық тербелістер жасайтын электр және магнит өрістерін математикалық тұрғыдан сипаттауға арналған, олардың қарапайым дербес шешімдері-түзу сызық бойымен жарық жылдамдығы бойынша тарайтын электромагниттік толқын. Осылайша жарықтың толқындық табиғаты белгілі болды. Максвелл теңдеулерінің астарын зерттеген Лоренц, Эйнштейн, Пуанкаре және Минковский секілді физиктер мен математиктердің қажырлы еңбектерінің арқасында дүниеге релятивистік механика келді.

Механикалық жүйелер мен өрістерге арналған теңдеулер вариациялық принциптер арқылы шығарып алынғандығы белгілі [1–3]. Вариациялық принциптер мен оларға сәйкес келетін дифференциалдық теңдеулер кванттық теорияның негізін құрайтынын да білеміз. Мәселеге осындай көзқараста қарайтын болсақ, онда энергияның сақталу заңы Лагранж функциясының уақытқа айқын түрде тәуелді болмауымен түсіндірілетін болады. Бұл мақалада біз басқаша жолмен жүретін боламыз, яғни энергияның сақталу заңынан жалпылама импульстерді қорытып шығарамыз, содан кейін Лагранж функциясының және координаталар мен жылдамдықтар арқылы жазылатын импульстердің өрнектерін анықтайтын боламыз. Осылар арқылы каноникалық түрлендірулер мен энергияның сақталу заңының өзара үйлесімділігін орнату арқылы дифференциалдық теңдеулер және олардағы функционалдық тәуелділіктерді қарастыратын боламыз. Міне, жоғарыда келтірілген мәліметтерді келтіре келе мақала тақырыбының проблемалық жағдай мен зерттеудің өзектілігі, объекті мен пәні, мақсат пен міндеттері туралы қысқа әрі нақты тұжырымдармен айқындау үшін мыналарды айтуды жөн санап отырмыз: аналитикалық механикадағы Лагранж және Гамильтон теңдеулерін сақталу заңдары негізінде де алуға болатындығын көрсету, ол осы теңдеулердің маңызы мен құндылығын арттыра отырып оның математикалық аппаратын кеңейтеді. Зерттеу объекті ретінде көп өлшемді жүйенің айнымалыларын түрлендіруге қатысты аналитикалық пәнге деген зерттеу ынтасын арттырады. Бұл бағытта жасалынып жатқан зерттеулер дербес импатта болғандықтан, оларға нақтылы бір сипаттамалар жасалмады. Әрине, мақаланың мақсаты белгілі бір ғылыми олқылықтың орнын толтыру емес, қайта аналитикалық механиканың негізгі деген теңдеулерінің алыну жолдарының бірін насихаттау болып табылады.

### **Әдіснама**

Аналитикалық механиканың материалдары (негізгі концепциялары) қатарына дененің қозғалыстары мен оның себептерін, денелердің қасиеттерін, денелер жүйесінің тепе-теңділік заңдылықтарын, сақталу заңдары мен қозғалыс теңдеулерін жатқызуға болады. Қозғалыс себептері ретінде барлық ішкі және сыртқы күштер, әсерлесу күштері алынады. Зерттеу әдістеріне жалпылама координаталар мен жүйенің лагранжианына негізделген Лагранж формализмі, жалпылама координаталарға, жылдамдықтарға және жүйенің гамильтонианына негізделген Гамильтон формализмін, функциялардың

экстремумдері мен функционалдарды анықтауға арналған вариациялық есептеулерді жатқызамыз. Мақаладағы қолданылатын әдіс тікелей энергияның сақталу заңын Лагранждық түрлендірулермен ұштастыру болып табылады. Сол арқылы каноникалық теңдеулер мен олардың айнымалыларымен жүргізілетін аналитикалық есептеулерді жүйелі жүргізуге мүмкіндік береді.

Классикалық электродинамикадағы электромагниттік өрістер теориясының материалдарына (өрістің қасиеттеріне) біртұтас сипатта қарастырылатын электр және магнит өрістерін, өрістің материялығын және электромагниттік толқынды жатқызуға болады. Теорияның зерттеу, сипаттау және есептеу әдістеріне Максвелл теориясы мен ондағы теңдеулер және жарықтың электромагниттік қасиеті жатады.

### Нәтижелер мен талқылау

Жалпылама  $q^i (i=1, \dots, N)$  координаталар мен жалпылама  $\vartheta^i = \frac{dq^i}{dt}$  жылдамдықтарға тәуелді болатын жүйенің энергиясы  $E(q, \vartheta)$  болсын. Жүйенің күйі  $2N$  өлшемді кеңістіктегі координаталары  $(q, \vartheta)$  болатын нүкте арқылы кескінделеді. Траектория бойындағы энергияның сақталуын сипаттайтын математикалық өрнек мына түрде жазылады:

$$dE(q, \vartheta) = \sum_{i=1}^N \left( \frac{\partial E}{\partial q^i} dq^i + \frac{\partial E}{\partial \vartheta^i} d\vartheta^i \right) = 0 \quad (1)$$

Бұл теңдіктің оң жақ бөлігіндегі қосынды нөлге тең болғанымен, қосылғыштардың әрқайсысы нөлден өзге болатын мәндерді қабылдайды. Тәуелсіз еркіндік дәрежелерінің өзгерістері кезінде энергияның сақталуын қамтамасыз ету үшін жылдамдықтардың орнына  $E(q, \vartheta) = H(q, p)$  түрлендіруі орындалатындай  $p^i$  айнымалыларын енгіземіз. Себебі, жүйе  $(p, q)$  фазалық кеңістікте қарастырылып отырғандықтан, Гамильтон теңдеулерінде жылдамдықтар импульстермен алмастырылады. Ал импульстер тәуелсіз айнымалылар ретінде тек координаталардың туындысы ғана емес, олар қозғалыс энергиясын білдіреді Дж/(м/с) кеңістіктің  $2N$  өлшемділігіне байланысты  $p^i$  болуы заңды. Осыған сәйкес:

$$0 = \frac{\partial H}{\partial q^1} dq^1 + \frac{\partial H}{\partial p_1} dp_1 = \frac{\partial H}{\partial q^2} dq^2 + \frac{\partial H}{\partial p_2} dp_2 = \dots = \frac{\partial H}{\partial q^N} dq^N + \frac{\partial H}{\partial p_N} dp_N \quad (2)$$

Егер жүйе өзара тәуелсіз (әсерлеспейтін) бөліктерден құралған болса, онда осы бөліктердің әрқайсысындағы энергия өзгеріссіз қалады (сақталады). Бұл барлық түрдегі еркіндік дәрежелері бір-біріне мейлінше тәуелсіз болатын өлшемі  $2N$ -ге тең  $(q, \vartheta)$  түрдегі фазалық кеңістікте жұмыс жасап жатқандығымыздың айғағы болып табылады. (2)-теңдеуді  $N$  пропорция түрінде де жазуға болады:

$$\frac{dq^1}{\frac{\partial H}{\partial p_1}} = - \frac{dp_1}{\frac{\partial H}{\partial q^1}} = dt_1, \dots, \frac{dq^N}{\frac{\partial H}{\partial p_N}} = - \frac{dp_N}{\frac{\partial H}{\partial q^N}} = dt_N \quad (3)$$

(2) және (3)-теңдеулер жалпы саны  $N$  өзара тәуелсіз  $dq^i$  орын ауыстыруларды сипаттап бере алады. Шынында да,  $dq^i = \vartheta^i dt$  қозғалыстары кезінде (3)-гі барлық мүшелерді

тең дәрежеде ұстау үшін  $\vartheta^i = \frac{\partial H}{\partial p_i}$  деп алуға болады, басқаша айтқанда  $dt_i = \dots = dt_N = dt$  деп санау керек. Осыдан төмендегі Гамильтон теңдеулеріне оңай өтеміз:

$$\frac{dq^i}{dt} = \frac{\partial H}{\partial p_i}, \quad \frac{dp_i}{dt} = -\frac{\partial H}{\partial q^i} \quad (4)$$

Байқап отырсаңыздар, (2)-теңдеуді жазған кезде әзірге толықтай анықталмаған және  $\vartheta^i = \frac{\partial H}{\partial p_i}$  шартын қанағаттандыратын  $p^i$  айнымалылары мен  $H$  функциясы енгізілген. Ондағы мақсатымыз – (1)-түрдегі энергияның сақталу заңын қанағаттандыратын (4) дифференциалдық теңдеулерді (қозғалыс теңдеулерін) табу.  $\vartheta^i = \frac{\partial H}{\partial p_i}$  болғандықтан, Донкин теоремасына сәйкес [4], Гамильтон функциясымен қосарлана жүретін

$$L(q, \vartheta) = p_i \vartheta^i - H(p, q) \quad (5)$$

түрдегі жылдамдықтардың функциясы мен  $p_i = \frac{\partial L}{\partial \vartheta^i}$  қатынасын пайдаланып Лагранж функциясына арналған төмендегі дербес туындылы теңдеуді аламыз:

$$\vartheta^i \frac{\partial L}{\partial \vartheta^i} = L + E(q, \vartheta) \quad (6)$$

Бұл теңдеу жылдамдық айнымалысына тәуелді болатын екі түрлі функцияны байланыстырады және оның шешімі – Лагранж функциясы ( $L$ ):

$$L = L_1(q, \vartheta) + a_i(q) \vartheta^i \quad (7)$$

Мұндағы  $L_1$ -функциясы (6)-ның дербес шешімі, ал  $a_i(q) \vartheta^i$  – біртекті теңдеудің толық шешімі болып табылатын энергияға үлесі жоқ гироскоптық күштер [5, 6],  $a_i$ -саны  $N$ -ге тең тұрақтылар.  $L_1$ -ді Тейлор қатарына жіктеу арқылы анықтауға болады, яғни

$$E(q, \vartheta) = \sum_{n=0}^{\infty} A_{ik\dots l}^{(n)} \vartheta^i \vartheta^k \dots \vartheta^l \quad (8)$$

Олай болса

$$L_1(\vartheta) = -A^{(0)} + \sum_{n=2}^{\infty} \frac{1}{n-1} A_{ik\dots l}^{(n)} \vartheta^i \vartheta^k \dots \vartheta^l = -E(q, 0) + \int_1^{\infty} [E(q, \frac{\vartheta}{x}) - E(q, 0)] dx \quad (9)$$

Бұл теңдеудің шешімі тек  $A_i^1=0$  шарты үшін ғана орындалады. Егер, (8)-қатар  $n=2$  кейін бұзылатын болса, онда энергия потенциалдық ( $U$ ) және кинетикалық ( $T$ ) энергия

лардың қосындысынан тұратын болады:  $E = A^{(0)} + A_{ik}^{(2)}\vartheta^i\vartheta^k = U(q) + T(q, \vartheta)$  және (9)-дан:

$L_1 = T - U$  шығады. (7) мен (9)-ды пайдалансақ, онда

$$p_i = a_i + \int_1^\infty \frac{\partial}{\partial \vartheta^i} E\left(\frac{\vartheta}{x}\right) dx \quad (10)$$

түрдегі жалпылама импульстер мен  $H = E[q, \vartheta(p)]$ -Гамильтон функциясын анықтаймыз. (4)-гі Гамильтон функцияларының екіншісін Лагранж теңдеуіне түрлендірсе болады. (7)-ден:

$$\frac{d}{dt} \frac{\partial L_1}{\partial \vartheta^i} = \frac{\partial L_1}{\partial q^i} + \vartheta^j \left( \frac{\partial a_j}{\partial q^i} - \frac{\partial a_i}{\partial q^j} \right) \quad (11)$$

(6)-теңдеудегі  $E(q, \vartheta)$  энергияның орнына оның кез-келген  $F[E(q, \vartheta)]$  түрдегі функциясын қолдануға болады, олай болса (7) мен (9)-дан Лагранж функциясының басқа да түрлерін табуға болады [7-9]:  $E = A^{(0)} + A_{ik}^{(2)}\vartheta^i\vartheta^k = U(q) + T(q, \vartheta)$  және  $F(E) = E^2$ . Бұл жағдайда (9)-теңдіктен:  $L_1 = \frac{T^2}{3} + 2UT - U^2$ . Егер, тек қана энергияның сақталу заңын ғана қолданар болсақ, онда Лагранж функциясын (6)-дан тауып алып, Лагранж теңдеуінің жалпыланған нұсқасына қол жеткізуге болады:

$$\frac{d}{dt} \frac{\partial L}{\partial \vartheta^i} - \frac{\partial L}{\partial q^i} = G_{ij}(q, \vartheta, \dot{\vartheta}) \vartheta^j \quad (12)$$

Мұндағы  $G_{ij} = -G_{ji}$ -антисимметриялық тензор.

Осы тәсілдің өрістерге қолданылуын қарастырамыз. Электромагниттік өрістегі зарядталған бөлшектің энергиясы

$$E = \frac{1}{8\pi} \iiint \left[ \left( \frac{1}{c} \frac{\partial \vec{A}}{\partial t} \right)^2 + (\text{rot} \vec{A})^2 \right] d^3 \vec{r} + \sum_{\alpha} \frac{m_{\alpha} c^2}{\sqrt{1 - \frac{\vartheta_{\alpha}^2}{c^2}}} + \sum_{\alpha, \beta} \frac{Q_{\alpha} Q_{\beta}}{|\vec{r}_{\alpha} - \vec{r}_{\beta}|} \quad (13)$$

Мұндағы  $\vec{A}$ -векторлық потенциал,  $m_{\alpha}$ ,  $Q_{\alpha}$ ,  $\vec{r}_{\alpha}$ ,  $\vec{\vartheta}_{\alpha}$ -рет саны  $\alpha$  зарядтың массасы, заряды, координатасы және жылдамдығы,  $c$ -жарық жылдамдығы. (7), (9) және (13)-өрнектерден:

$$L = \frac{1}{8\pi} \iiint \left[ \left( \frac{1}{c} \frac{\partial \vec{A}}{\partial t} \right)^2 - (\text{rot} \vec{A})^2 \right] d^3 \vec{r} - \sum_{\alpha} m_{\alpha} c^2 \sqrt{1 - \frac{\vartheta_{\alpha}^2}{c^2}} - \sum_{\alpha, \beta} \frac{Q_{\alpha} Q_{\beta}}{|\vec{r}_{\alpha} - \vec{r}_{\beta}|} + \sum_{\alpha} \vec{a}_{\alpha} \vec{\vartheta}_{\alpha} + \iiint \vec{a} \frac{\partial \vec{A}}{\partial t} d^3 \vec{r} \quad (14)$$

Сонда:

$$\left(\vec{r}, t\right) = \frac{\delta L}{\delta\left(\frac{\partial A_i}{\partial t}\right)} = \frac{1}{4\pi c^2} \frac{\partial A_i}{\partial t} + a_i\left(\left\{\vec{A}\right\},\left\{\vec{r}_\alpha\right\},\vec{r}\right) \quad (15)$$

Мұндағы  $i = 1,2,3$

$$\vec{p}_\alpha(t) = \frac{\partial L}{\partial \vec{v}_\alpha} = \frac{m_\alpha \vec{v}_\alpha}{\sqrt{1-\frac{v_\alpha^2}{c^2}}} + \vec{a}_\alpha\left(\left\{\vec{A}\right\},\left\{\vec{r}_\alpha\right\}\right) \quad (16)$$

(15)-гі фигуралы жақшалар  $\vec{a}$  векторлық өрісі мен  $\vec{a}_\alpha$  векторлары үш өлшемді кеңістіктің барлық нүктелеріндегі векторлық потенциал мен барлық бөлшектердің координаталарына тәуелді екендігін көрсетеді, яғни олар  $\vec{A}$  бойынша функционал және координаталарға тәуелді функция болып табылады екен. (14)-түрдегі Лагранж функциясы  $\vec{a} = \vec{a}_\alpha = 0$  шартында өрістің көлденен бөлігіндегі бөлшектер мен өрістің өзара әсерлеспеуіне сәйкес келетін теңдеулерге алып келеді. Сондықтан да, өріс пен бөлшектерді байланыстыру үшін бізгі  $\vec{a}$ -ның қолайлы мәндері керек. Дәл айтсақ,  $\vec{a}$  векторлық өрісі бөлшектердің  $\vec{r}_\alpha$  координаталарына, ал  $\vec{a}_\alpha$  векторлары  $\vec{A}$  потенциалға тәуелді болуы керек.  $\vec{a}$  үшін ең қарапайым таңдау  $k$  коэффициентті бойлық электр өрісі болмақ:

$$\vec{a} = k \text{grad} \varphi, \varphi = \sum_\alpha \varphi_\alpha = \sum_\alpha \frac{Q_\alpha}{|\vec{r} - \vec{r}_\alpha|} \quad (17)$$

Ал,  $\vec{a}_\alpha$  үшін қарапайым таңдау  $\vec{a}_\alpha = k_\alpha \vec{A}(\vec{r}_\alpha, t)$  болады. Осы жағдайларды ескеріп, (14)-тен Лагранж теңдеулерін алуға болады [10]:

$$\frac{4}{4\pi c} \frac{\partial^2 \vec{A}_i}{\partial t^2} - k \sum_\alpha v_{\alpha j} \partial_j (\partial_i \varphi_\alpha) = \frac{1}{4\pi} \Delta A_i + \sum_\alpha k_\alpha v_{\alpha i} \delta(\vec{r} - \vec{r}_\alpha) \quad (18)$$

$$\frac{d}{dt} \frac{m_\alpha (\vec{v})^2}{\sqrt{1-\frac{v_\alpha^2}{c^2}}} + k_\alpha \left( \frac{\partial \vec{A}}{\partial t} - \vec{v}_\alpha \times \text{rot} \vec{A} \right) = Q_\alpha \sum_{\beta \neq \alpha} \frac{Q_\beta (\vec{r}_\alpha - \vec{r}_\beta)}{|\vec{r}_\alpha - \vec{r}_\beta|^3} \quad (19)$$

Кулондық калибрлеуіш шарт орындалу үшін (18)-ғы көлденең токтың нөлдік дивергенциясы қажет:

$$\partial_i \sum_\alpha (k_\alpha v_{\alpha i} \delta(\vec{r} - \vec{r}_\alpha) + k v_{\alpha j} \partial_j \varphi_\alpha) \quad (20)$$

Осыдан  $\frac{\kappa_\alpha}{k} 4\pi Q_\alpha \cdot \frac{1}{k} = 4\pi c$  болған жағдай үшін (18) және (19)-теңдеулер төмендегіше жазылады:

$$\frac{1}{c^2} \frac{\partial^2 \vec{A}}{\partial t^2} - \Delta \vec{A} = \frac{4\pi}{c} \sum_\alpha Q_\alpha \vec{\vartheta}_\alpha \delta(\vec{r} - \vec{r}_\alpha) - \frac{1}{c} \text{grad} \frac{\partial \varphi}{\partial t} \quad (21)$$

$$\frac{d}{dt} \frac{m_\alpha (\vec{\vartheta})^2}{\sqrt{1 - \frac{(\vartheta_\alpha)^2}{c^2}}} = Q_\alpha \left[ \sum_{\beta \neq \alpha} \frac{Q_\beta (\vec{r}_\alpha - \vec{r}_\beta)}{|\vec{r}_\alpha - \vec{r}_\beta|^3} - \frac{1}{c} \frac{\partial \vec{A}}{\partial t} \right] + \left[ \frac{Q_\alpha}{c} \vec{\vartheta}_\alpha \times \text{rot} \vec{A} \right] \quad (22)$$

Сонымен,  $k$  тұрақтысын осы тәсілдегідей қатынаста таңдап алу негізсіз болып табылады. Себебі, электромагниттік өрістің көлденең және бойлық бөліктерінің сипатталу ерекшеліктері бірдей емес, яғни көлденең құраушысы еркіндік дәрежелері бойынша сипатталса, бойлық құраушысы олай сипатталмайды. Екі құраушы арасындағы байланыс тек теңдеулердің релятивистік инварианттылығы арқылы ғана іске асады.

### Қорытынды

Гамильтон теңдеулері  $S=W-E_0 t$  және  $W$  әсерлеріне арналған

$$\frac{\partial S}{\partial t} + H\left(q, \frac{\partial S}{\partial q}\right) = 0 \quad (23)$$

$$H\left(q, \frac{\partial W}{\partial q}\right) = E_0 \quad (24)$$

дербес туындылы Гамильтон–Якоби теңдеулеріне және вариациялық принциптерге эквивалент. Импульстерді (2) – түрдегі энергияның сақталу заңының егжей–тегжейлі принципіне сәйкес таңдап алу фазалық көлем мен фазалық тығыздықтың (Лиувилл теоремасы) сақталуын қамтамасыз етеді. Соңғысы статистикалық механикада қолданылады. Жалпылама импульстерді (2)–бойынша анықтау тәсілі термодинамиканың негізгі теңдеуі арқылы энтропияны анықтау секілді.

Сонымен, бұл мақалада энергияның егжей–тегжейлі сақталу принципі туралы баяндалды, ол еркіндік дәрежелердің мейлінше өзара тәуелсіздігін қамтамасыз ететін және арнайы айнымалылар ретінде жүретін жалпылама импульстерді анықтап береді. Энергияның жалпылама координаталар мен жылдамдықтарға тәуелділігі арқылы (7) және (9)–дан Лагранж функциясы табылды. Оны жылдамдықтар бойынша дифференциалдап жалпылама импульстерді анықтадық. Соңғыларды энергияның өрнегіне қойып Гамильтон функциясын тауып алдық. Мақалада қолданылған тәсіл ең алдымен жалпылама импульстердің мағынасын ашуға мүмкіндік береді. мақалада алынған нәтижелер мен келтірілген теориялық тұжырымдамалар күрделі техникалық жүйелерді модельдеу барысында, тербелістерді есептеу кезінде, роботтар техникасында және аспан денелері механикасының өзекті зерттеулерінде қолданыс таба алады. Сонымен бірге, олар траек-

торияларды, күштердің моменттері мен орнықтылық параметрлерін анықтауға жағдай жасайды. Энергияның сақталу заңы консервативті жүйелердің қозғалысын қозғалыс теңдеулерін интегралдамай-ақ жылдамдық пен координатаны анықтауды оңтайландырады. Мақала нәтижелері мен ондағы әдістер бойынша жүргізілген есептеулерді аналитикалық механиканың дамуына қосылған үлес деп қабылдауға болады. Каноникалық теңдеулерге қол жеткізудің қарапайым да ықшамды тәсілі ұсынылып, энергияның сақталу заңының маңызы мен қолданылу аясын кеңейтуге ұмтылыс жасалды.

Гамильтон және Лагранж теңдеулерін вариациялық принциптер арқылы алу әдісіне қарағанда сақталу заңын пайдаланудың артықшылығы мұнда белгілі шарттар, ұғымдар мен заңдылықтарды қажет етуінде, яғни математикалық аппараттың мол жиынының қолданылу аясының кеңдігінде және өрнектердің ықшамдылығында. Мысалы, калибрлеуші шарт, Донкин теоремасы, антисимметриялық тензор және Лиувилл теоремасы арқылы есептеулер өте оңтайлы түрде жүргізіледі.

Мақала мәтінінде келтірілген бірнеше ұғымдарға түсініктеме беріп өтуді жөн санап отырмыз.

1. *Калибрлеуші шарт* – қозғалыс теңдеулеріндегі артық еркіндік дәрежелерін жою мақсатында калибрлік өрістерге (мысалы, электромагниттік потенциалға) қойылатын қосымша шектеулер. Олар Максвелл теңдеулері секілді теңдеулердің шешімдерін теорияның инварианттылығын сақтай отырып жалғыз деп тануға жағдай жасайды.

2. *Донкин теоремасы* – егер координаталар мен импульстердің түрлендіруі потенциалды болса (өндіргіш функциялар арқылы жүргізілсе), онда кері түрлендірулер де потенциалды болады. Бұл Лагранж түрлендірулері мен каноникалық түрлендірулер теориясында потенциалдылық симметриясын көрсетеді.

3. *Антисимметриялық тензор* – өзінің ковариантты немесе контрвариантты жұп индекстерінің орындары ауысқан кезде таңбасын өзгертетін тензор. Оның барлық диагоналды құраушылары нөлге тең болғандықтан айналулар мен электромагниттік өрістерді сипаттауға өте қолайлы болып табылады.

4. *Лиувилл теоремасы* – жүйенің нүктелер ансамблінің фазалық көлемі (ықтималдылық тығыздығы) уақытқа сәйкес қозғалысы кезінде өзгеріссіз қалады деген гамильтондық механика мен статистикалық физиканың заңы. Фазалық кеңістікте, фазалық нүктелер жоғалмайды және қайта пайда бола алмайды.

### **Авторлардың қосқан үлесі**

**Әлімбекова Г.** – мақаланың аналитикалық механикаға қатысты есептеулердің ішіндегі қозғалыс теңдеулерін және алғашқы үш өрнекке келтірілетін амалдар бойынша нәтижелер алды. Тақырыпқа сай зерттеулерді сұрыптап, әдебиеттер тізімін жасауға үлес қосқан.

**Кенесбаев С.М.** – барлық есептеу, талдау және қорытындылау жұмыстарына басшылық жасап, есептеулердің математикалық бірізділігін қадағалады. Он үшінші және он жетінші теңдіктерді есептеп шығарды. Әдебиеттерге саралау жасап, тақырыпқа сәйкес келетіндерін іріктеп, оларға сілтемелер жасады.

**Тугелбаева Г.Т.** – толыққанды анықталмаған гамильтонианы бар Гамильтон теңдеу-

лерін шығарып алуға атсалысты. Импульстердің координаталар мен жылдамдықтарға тәуелділіктерін сипаттайтын қатынастарды тауып, жүйенің энергиясына белгілі шама ретінде қарау, осы арқылы Лагранж функциясы табуға болатындығын есептеулер арқылы көрсетті. Ілеспе-хатты дайындап, мақаланы редакцияға жолдауды да іске асырды.

**Құткелдиева Э.О.** – математикалық есептеулердің ішінде төртінші және жетінші формулалар аралығындағы операцияларды орындап шықты. Жалпылама импульстерді анықтайтын теңдеулерді қорытылып шығарды және жүйенің кез-келген еркіндік дәрежелерінің өзгерістері кезінде энергияның сақталатындығын дәлелдеуге атсалысты.

**Сандыбаева Ә.М.** – мақалада жүргізілген математикалық есептеулерді тексеріп шықты және мақаланың мәтінін компьютерде теріп шықты. Әдебиеттерді жинақтауға қатысты.

**Оңдақанов Д.А.** – аналитикалық механика үшін қолданылған мақала мәтініндегі тәсілдерді электродинамикадағы өрістер теориясының теңдеулерін алу үшін қолдануға қатысты он бесінші және жиырмамыншы формулаларды алуды орындады. Электромагниттік өрістегі зарядталған бөлшектің энергиясы үшін векторлық өріс потенциалының қолайлы мәндерін табуға атсалысты.

#### Әдебиеттер тізімі

1. Л.Д. Ландау, Е.М. Лифшиц, Теоретическая физика. Механика (Наука, Мәскеу, 1988), 216 б.
2. Г. Гольдштейн, Классическая механика (УРСС, Мәскеу, 2012), 828 б.
3. М.А. Айзерман, Классическая механика (Физматлит, Мәскеу, 2005), 384 б.
4. Ф.Р. Гантмахер, Лекции по аналитической механике (Физматлит, Мәскеу, 2005), 264 б.
5. Л.Д. Ландау, Е.М. Лифшиц, Теоретическая физика. Теория поля (Наука, Мәскеу, 1988), 512 б.
6. М.В. Давидович, Законы сохранения и плотности энергии и импульса электромагнитного поля в диспергирующей среде., Известия Саратовского университета. Новая серия. Серия Физика, № 1, 46–54 б. (2012). <https://doi.org/10.18500/1817-3020-2012-12-1-46-54>
7. А.А. Власов, Макроскопическая электродинамика (КД Либроком, Мәскеу, 2019), 232 б.
8. В.М. Журавлев, Принцип материальности пространства и фундаментальные поля. Пространство, время и фундаментальные взаимодействия, № 3, 37–57 б. (2020). <https://doi.org/10.17238/issn2226-8812.2020.3.37-57>
9. A. Stephane, B. Florence, Electron mass predicted from substructure stability in electrodynamic model, *Frontiers in Physics*, 213 (8), 222–229 б. (2020). <https://doi.org/10.3389/fphy.2020.00213>
10. L. Galvagni, M. Guido, L. Matteo, Einstein's elevator and the principle of equivalence, *Physics Education*, 60 (5), 177–190 б. (2025). <https://doi.org/10.1088/1361-6552/aded61>

**Г. Алимбекова, С.М. Кенесбаев, Г.Т. Тугелбаева\*,  
Э.О. Куткелдиева, А.М. Сандибаева, Д.А. Ондаканов**  
*Казахский национальный женский педагогический университет,  
Алматы, Казахстан*

*(E-mail: alimbek50@mail.ru, kenesbaev-sm@mail.ru, tugelbaevagul5@gmail.com, elzira.kutkeldieva@gmail.com, adema.sandybaeva@bk.ru, dastan\_vko99@mail.ru)*

### **О выводе уравнений движения и поля из закона сохранения энергии**

**Аннотация.** Уравнения движения в аналитической механике и уравнения в теории электромагнитных полей выводятся с использованием принципа наименьшего действия к функции Лагранжа. В данной статье уравнения Гамильтона и Лагранжа получены без использования вариационных принципов. Выведены уравнения, определяющие обобщённые импульсы с условием, что энергия является функцией обобщённых координат и скоростей, а также доказано сохранение энергии системы при изменении любых степеней свободы. На основе этих предположений, были получены уравнения Гамильтона с полностью неопределённым гамильтонианом. Чтобы найти соотношения, описывающие зависимость импульсов от координат и скоростей, показано, что нужно определить функцию Лагранжа, рассматривая энергию системы как известную величину. Необходимо отметить, что все полученные результаты справедливы для фазового пространства, в котором степени свободы являются максимально независимыми друг от друга. Методы, применённые в аналитической механике, были успешно использованы и для получения уравнений теории полей в электродинамике. Точнее, энергия заряженной частицы в электромагнитном поле была определена для подходящих значений векторного потенциала поля. В качестве подходящих значений рассматривались продольное электрическое поле и векторные потенциалы, соответствующие положениям частицы.

**Ключевые слова:** уравнения движения, уравнения электромагнитного поля, функции Гамильтона и Лагранжа, обобщённые координаты, импульсы и скорости, сохранение энергии, дифференциальное уравнение в частных производных

**G. Alimbekova, S.M. Kenesbayev, G.T. Tugelbaeva\*,  
E.O. Kutkeldiyeva, A.M. Sandybayeva, D.A. Ongdakanov**

*Kazakh National Women's Pedagogical University, Almaty, Kazakhstan*

*(E-mail: alimbek50@mail.ru, kenesbaev-sm@mail.ru, tugelbaevagul5@gmail.com, elzira.kutkeldieva@gmail.com, adema.sandybaeva@bk.ru, dastan\_vko99@mail.ru)*

### **On the derivation of the equations of motion and field from the law of conservation of energy**

**Abstract.** The equations of motion in analytical mechanics and the equations in the theory of electromagnetic fields are derived using the principle of least action applied to the Lagrangian function. This article obtains Hamilton's and Lagrange's equations without using variational principles. The equations determining generalized momenta are derived under the condition that the energy is a function of the generalized coordinates and velocities. The conservation of the system's energy under

changes in any degrees of freedom is also proven. It should be noted that, based on these assumptions, Hamilton's equations were obtained with a completely undetermined Hamiltonian. To find the relations describing the dependence of momenta on coordinates and velocities, it is shown that the Lagrangian function must be determined by considering the system's energy as a known quantity. It should be emphasized that all obtained results are valid for a phase space in which the degrees of freedom are maximally independent of each other. The methods applied in analytical mechanics were successfully used to derive the field theory equations in electrodynamics. More precisely, the energy of a charged particle in an electromagnetic field was determined for suitable values of the vector potential of the field. As suitable values, the longitudinal electric field and vector potentials corresponding to the positions of the particle were considered.

**Keywords:** equations of motion, electromagnetic field equations, Hamiltonian and Lagrangian functions, generalized coordinates, momenta and velocities, energy conservation, partial differential equation

### References

1. L.D. Landau, E.M. Lifshic, Teoreticheskaja fizika. Mehanika [Theoretical physics. Mechanics], (Nauka, Moscow, 1988), p. 216 [in Russian]
2. G. Gol'dstejn, Klassicheskaja mehanika [Classical mechanics], (URSS, Moscow, 2012), p. 828 [in Russian]
3. M.A. Ajzerman, Klassicheskaja mehanika [Classical mechanics], (Fizmatlit, Moscow, 2005), p. 384 [in Russian]
4. F.R. Gantmaher, Lekcii po analiticheskoj mehanike [Lectures on Analytical Mechanics], (Fizmatlit, Moscow, 2005), p. 264 [in Russian]
5. LD. Landau, E. M. Lifshic, Teoreticheskaja fizika. Teorija polja [Theoretical physics. Field theory], (Nauka, Moscow, 1988), p. 512 [in Russian]
6. M.V. Davidovich, Zakony sohraneniya i plotnosti jenergii i impul'sa jelektromagnitnogo polja v dispergirujushhej srede [Conservation and Density of Energy and Momentum of an Electromagnetic Field in a Dispersing Medium], Izvestija Saratovskogo universiteta. Novaja serija. Serija Fizika [Izvestiya of Saratov University. New Series. Physics Series], № 1, p. 46-54 (2012). <https://doi.org/10.18500/1817-3020-2012-12-1-46-54> [in Russian]
7. A.A. Vlasov, Makroskopicheskaja jelektrodinamika [Macroscopic Electrodynamics], (KD Librokom, Moscow, 2019), p. 232 [in Russian]
8. V.M. Zhuravlev, Princip material'nosti prostranstva i fundamental'nye polja [The Principle of Materiality of Space and Fundamental Fields], Prostranstvo, vremja i fundamental'nye vzaimodejstvija [Space, time, and fundamental interactions], № 3, p. 37-57 (2020). <https://doi.org/10.17238/issn2226-8812.2020.3.37-57> [in Russian]
9. A. Stephane, B. Florence, Electron mass predicted from substructure stability in electrodinamical model, *Frontiers in Physics*, 8 (213), p. 222-229 (2020). <https://doi.org/10.3389/fphy.2020.00213>
10. L. Galvagni, M. Guido, L. Matteo, Einstein's elevator and the principle of equivalence, *Physics Education*, 60 (5), p. 177-190 (2025). <https://doi.org/10.1088/1361-6552/aded61>

### Авторлар туралы мәлімет:

**Әлімбекова Г.** – п.ғ.д., доцент, физика кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы, Әйтеке би көшесі, 99.

**Кенесбаев С.М.** – п.ғ.д., профессор, физика кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы, Әйтеке би көшесі, 99.

**Тугелбаева Г.Т.** – хат-хабар авторы, х.ғ.к., доцент, физика кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы, Әйтеке би көшесі, 99.

**Қүткелдиева Э.О.** – п.ғ.м., аға оқытушы, физика кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы, Әйтеке би көшесі, 99.

**Сандыбаева Ә.М.** – п.ғ.м., оқытушы, физика кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы, Әйтеке би көшесі, 99.

**Ондақанов Д.А.** – п.ғ.м., оқытушы, физика кафедрасы, Қазақ ұлттық қыздар педагогикалық университеті, Қазақстан, Алматы, Әйтеке би көшесі, 99.

**Алимбекова Г.** – д.п.н., доцент, кафедра физики, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы, ул. Айтеке би, 99.

**Кенесбаев С.М.** – д.п.н., профессор, кафедра физики, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы, ул. Айтеке би, 99.

**Тугелбаева Г.Т.** – автор для корреспонденции, к.х.н., доцент, кафедра физики, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы, ул. Айтеке би, 99.

**Күткелдиева Э.О.** – м.п.н., старший преподаватель, кафедра физики, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы, ул. Айтеке би, 99.

**Сандыбаева А.М.** – м.п.н., преподаватель, кафедра физики, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы, ул. Айтеке би, 99.

**Ондақанов Д.А.** – м.п.н., преподаватель, кафедра физики, Казахский национальный женский педагогический университет, Казахстан, Алматы, ул. Айтеке би, 99.

**Alimbekova G.** – Doctor of Pedagogical Sciences, Associate Professor, Physics Department, Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, Aiteke bi str., 99.

**Kenesbayev S.M.** – Doctor of Pedagogical Sciences, Professor, Physics Department, Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, Aiteke bi str., 99.

**Tugelbaeva G.T.** – the corresponding author, candidate of Chemical Sciences, Associate Professor, Physics Department, Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, Aiteke bi str., 99.

**Kutkeldiyeva E.O.** – Master of Pedagogical Sciences, senior lecturer, Physics Department, Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, Aiteke bi str., 99.

**Sandybayeva A.M.** – master of Pedagogical Sciences, lecturer, Physics Department, Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, Aiteke bi str., 99.

**Ongdakanov D.A.** – master of Pedagogical Sciences, lecturer, Physics Department, Kazakh National Women's Pedagogical University, Kazakhstan, Almaty, Aiteke bi str., 99.



**Copyright:** © 2026 by the authors. Submitted for possible open access publication under the terms and conditions of the Creative Commons Attribution (CC BY NC) license (<https://creativecommons.org/licenses/by-nc/4.0/>).

Бас редакторы: К.Ш. Жумадилов  
Компьютерде беттеген: А. Елешева

Авторларға арналған нұсқаулықтар,  
жарияланым этикасы журнал сайтында берілген: <http://bulphysast.enu.kz>

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы.  
Физика. Астрономия сериясы.  
№1(154)/2026 – Астана: ЕҰУ. – 212 б.  
Шартты б.т. – 11,18. Таралымы – сұраныс бойынша  
Басуға қол қойылды: 30.03.2026 ж.  
Ашық қолданыстағы электронды нұсқа: <http://bulphysast.enu.kz>

Мазмұнына типография жауап бермейді

Редакция мекен-жайы: 010008, Қазақстан Республикасы Астана қ., Сәтбаев көшесі, 2.  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті Тел.: +7(71-72) 70-95-00 (ішкі 31-410)  
Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің баспасында басылды.